# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 20 (1179)

24.05.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti


БІЛІМ

# ЖЕТІСУДА 7 МЫҢ ТҮЛЕК МЕКТЕП БІТІРЕДІ

***2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СОҢЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ОҚУШЫЛАР САНЫ – 130 553, СОНЫҢ ІШІНДЕ 11-СЫНЫПТАРДА – 6893, 9-СЫНЫПТАРДА – 12 124 БАЛА БАР.***



Облыстық білім басқармасының мәліметінше, 2023-2024 оқу жылында 319 оқушы «Алтын белгіге», 684 оқушы үздік аттестатқа үміткер болып отыр. Бұл ретте түлектерден Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыруға өтінімдер 6-14 мамыр аралығында қабылданды. ҰБТ-ға 6 мыңнан астам оқушы тапсыруға ниет білдірді. Атап өтсек, облыста ҰБТ тапсыратын 2 пункт бар, олар Талдықорған қаласында және Панфилов ауданының Жаркент қаласында орналасқан. Тестілеу 16 мамырда басталып, 5 шілдеге дейін жалғасады, апелляциялық комиссия құжаттарды 10-16 шілде аралығында қарайды.

Қорытынды емтихандарға келсек, 9-сыныптағы емтихандар 29 мамырдан 10 маусымға дейін 4 пән бойынша, 11-сыныпта 5 пән бойынша 28 мамырдан 11 маусымға дейін өткізіледі. Сондай-ақ, 2023-2024 оқу жылында 5-8, 10-сыныптардың 58 850 оқушысы «Қазақ тілі», «Қазақ тілі және әдебиеті» пәндері бойынша емтихан тапсырады.

24 мамыр күні 2023-2024 оқу жылының қорытындысы ретінде «Білімім-Отаным!» атты жалпы республикалық бірыңғай сынып сағаты өтеді. Аталған іс-шара 2023 жылдың қыркүйегінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында қабылданған жоспарға сәйкес ұйымдастырылады. Ал 25 мамырда мектеп қабырғасында түлектерге арналған дәстүрлі «Соңғы қоңырау» өтеді. Аттестаттар 12-15 маусымда тапсырылады деп жоспарланған.

Облыстық білім басқармасының хабарлауынша, 9,11-сынып оқушыларының салтанатты іс-шаралар мен банкеттерді өткізуге, автомобильмен жүруге ақша жинаудың алдын алу мақсатында осы жылдың 30 сәуірінде шығарылған «Ақша жинауға тыйым салу туралы» арнайы бұйрық аудандық, қалалық білім бөлімдеріне жолданған.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**


**БАСПАСӨЗ - 2024**

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

*ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:*

редакция арқылы

**1 жылға – 3640 теңге.**

облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы

**1 жылға – 4477,20 теңге.**

ауыл тұрғындары үшін

**1 жылға – 4700,80 теңге.**

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

*ЦЕНА ПОДПИСКИ:*

с редакции

**на год – 3640 тенге.**

для города областного значения через "Казпочту"

**на год – 4477,20 тенге.**

для сельского населения

**на год – 4700,80 тенге.**

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

# МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ДӘНЕШ РАҚЫШЕВ АТЫНДАҒЫ ФИЛАРМОНИЯСЫ ҮЗДІК МӘДЕНИЕТ МЕКЕМЕСІ АТАНЫП, ҰЖЫМҒА АВТОКӨЛІК СЫЙҒА ТАРТЫЛДЫ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІНЕ ЖАЛПЫ ОН БЕС НОМИНАЦИЯНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ ДЕП ТАНЫЛҒАН ҮЗДІК ӨНЕР ҰЖЫМДАРЫ МЕН ОЗЫҚ МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ. ОЛАРҒА МАРАПАТТЫ САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МАРЛЕН КӨЛБАЕВ ТАПСЫРДЫ.**

Сала қызметкерлерін құттықтаған облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев жылы лебізін білдірді.

*– Мәдениет – қоғамның рухани қозғаушы күші, халықтың ортақ игілігі. Кез келген ұлт ең алдымен өзінің төл тарихымен, дәстүр-салтымен, өркенді өнерімен әлемдік мәдениеттің бір бөлшегі бола алады. Бұл орайда Жетісу сан ғасырлық тарихында өзінің бай мәдени мұрасымен мақтана алады. Осы рухани сабақтастықты үзбей, жаңа заманға сай дамыту үшін біз бұл салаға барынша қолдау көрсетіп келеміз,* – деп өткен жылғы атқарылған іс-шаралар мен биылдың жоспарларына қысқаша тоқталды. Мәселен, көрнекті қайраткерлердің мерейтойлық жылдарының аясында суретші Әбілхан Қастеевтің 100 жылдығына орай Талдықорған қаласында бюсті орнатылмақ.

Осы жиында бірқатар қызметкерлерге Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері», «Мәдениет саласының үздігі» төс белгілері, «Құрмет грамотасы» берілді.

Сол сияқты жылдағы дәстүрге сай Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай арнайы номинациялар бойынша үздік деп танылған азаматтар, мәдениет мекемелер мен өнер ұжымдары марапатталды. Атап айтқанда, мәдениет үйі қызметкерлері арасынан әр аудан-қаладан жалпы 10 адам үздік деп танылды. Сондай-ақ «Үздік техникалық-жабдықтау қызметкері», «Үздік аспапшы», «Үздік дәстүрлі әнші», «Үздік әнші», «Үздік биші», «Үздік театр артисі», «Үздік музей қызметкері», «Үздік кітапхана қызметкері» номинацияларының жеңімпаздарының есімдері белгілі болды. Сонымен бірге «Үздік халық театры» атағын Көксу аудандық мәдениет үйінің Мұқыры халық театры, «Үздік халықтық, үлгілі атағы бар ұжым» аталымын «Алтын дән» халықтық ән-би ансамблі, «Үздік музей» атағын Ш.Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейі, «Үздік кітапхана» – Талдықорған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, «Үздік мәдениет үйі» номинациясын Алакөл ауданы Қабанбай ауылдық мәдениет үйі жеңіп алды. Аталған номинациялардың барлығының жеңімпаздарына арнайы диплом мен 100 мың теңгенің сертификаты табысталды. Ал Жетісу облысының «Үздік облыстық мәдениет мекемесі» ретінде облыстық Д.Рақышев атындағы филармония танылып, оған жеңіл автокөліктің сертификаты берілді.



Марапат алғандардың ішінен «Үздік дәстүрлі әнші» атанған Бейбіт Мұсаев пен «Еңбек ардагері» төс белгісін иеленген Дина Нұрғалиева әріптестеріне ізгі тілектерін арнады.

Мереке соңы концерттік шараға ұласты.

Еске салсақ, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының биылғы бюджеті 15 млрд. теңгеге жуық. Бұл салада 2,1 мың адам еңбек етеді.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

**Суретті түсірген – Жеңіс ЫСҚАБАЙ**

ШАРА

## «ЖОШЫ ХАН» КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

**ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің жеке құрамы Алматы қаласында орналасқан Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында көрнекті жазушы Ұларбек Дәлейұлының «Жошы хан» тарихи романының тұсаукесеріне қатысты.**



Қазақ мемлекетінің бастауында болған Жошы ұлысының құрылғанына биыл 800 жыл. Бірнеше жыл бойы аталған тақырыпта ізденген автор Шыңғыс заманы мен оның тұңғыш ұлы Жошы хан жайлы терең және тың деректерді қалың оқырманға ұсынады. Осылайша Жошының өмір жолын көрсетумен қатар, тың деректерге толы өмірін баяндайды.

Шығарманың өн бойынан автордың көркем тілмен төгілте жазып, бұрын біз білмеген тарихи дереккөздеріне сүйенген оқиғаларды өрбіткенін байқауға болады.

## ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

**ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының учаскесінде ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі «Қазселденқорғау» мемлекеттік мекемесімен біріккен шаралар ұйымдастырылды.**

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы Қорғас трансшекаралық өзеніндегі су тасқыны жағдайын бақылау мен шекара бұзушыларды анықтау мақсатында бақылау камералары қойылды.

Қазіргі кезде бейнебақылау жүйесін орнату бойынша монтаждау жұмыстары «Ынталы» шекара бөлімшесінің учаскесінде жалғасуда. Бейнекамералар Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының жауынгерлік қызметіне көмегін тигізуде.

Өткен жылдың күзінде бақылау камерасы арқылы мемлекеттік шекарадан контрабандалық тауарды заңсыз алып өтуге талпынған Қазақстан Республикасының бес азаматы ұсталды.

**ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті.**

ЖАРЫС

***ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ КӨКСУ АУДАНЫНДА «ЖАС ҰЛАН» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ.***

## «ЖАС ҰЛАН» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ

Оқушылар арасында өткен жарыста аймақтағы 23 мектептен 230 білім алушы өзара бақ сынасты. Табиғат аясында ұйымдастырылған іс-шараға аудан әкімі, мәслихат және ардагерлер кеңесінің төрағалары, Ауған соғысының ардагерлері мен әскери саланың жетекші мамандары қатысты.

Ұйымдастырушылардың сөзінше, мұндай шаралар жастардың бойына отансүйгіштік асыл қасиеттерді қалыптастырумен қатар олардың әскери тәртіптегі шеберліктерін шыңдап, спорттық жаттығуларды сәтті орындауға жол ашады.

Байқау толық және шағын жинақты мектептер арасында екі топта номинациялар бойынша бағаланды. Толық жинақты мектептер арасында бас жүлдені Нұрмолда Алдабергенов атындағы білім шаңырағының командасы жеңіп алса, жүлделі I орынды Жылқайдар Егінбаев және Қалқа Жапсарбаев атындағы орта мектептің командалары иеленді. Сондай-ақ II орынға Медеубай Құрманов атындағы №2 орта мектеп лайық деп танылса, Алғабас және Зылиха Тамшыбай атындағы орта мектеп III орын жүлдесін місе тұтты. Ал, шағын жинақты мектептер арасында бас жүлде Бесқайнар ауылдық орта мектебіне, I орын №12 орта мектепке бұйырса, II жүлдені Жамбыл атындағы орта мектептің шабандоздары қанжығалап, Сындыбала Қырықбаева атындағы орта мектеп III орынды иеленді.

**Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.**

МАМАН МІНБЕРІ

## АСА ҚАУІПТІ ШЕГІРТКЕ

**Итальяндық прус (Calliptamus italicus L) – ауыл шаруашылық алқаптарына үлкен қауіп төндіретін, еліміздің барлық жерінде кездесетін көпқоректі зиянкес. Аса қауіпті зиянкестердің бұл түрі бір күнде 80-120 км қашықтыққа ұша алады.**

Топтаған шегірткелер бір екі сағат ішінде мыңдаған астық алқабын жоқ қылып жібереді. Қоректену барысында ол жапырақтарды өрескел немесе толығымен жейді, тіпті сабақтарын да зақымдайды, бұл көбінесе зақымдалған өсімдіктердің өліміне әкеледі. Итальяндық шегірткенің дернәсілдері және ересектері зиян келтіреді. Ауа райының ашық, жылы кезінде ауа температурасы 22-30ºС аралығында белсенді қоректенеді. Салқын және бұлтты күндері немесе күннің өте ыстық кездерінде шегірткелер қоректенуін тоқтатады.

А.Сағитов пен Б. Дүйсембековтің «Аса қауіпті және зиянды организмдердің (зиянкестер, аурулар, арамшөптер) фитосанитарлық мониторингі» атты кітабында айтылғандай, итальяндық шегірткелердің таралуы кезеңдік өзгерістерге ұшырайды. Олардың үйірленуі кезінде бір шаршы метрде жүз және одан да көп дернәсілдері болады. Үйірлі шегірткелердің сандары көбейген кезде, алғашқыда дернәсілдердің жиынтығы, кейін олардан шегіртке табындары пайда болады. Барлық шегірткелердің ұзынша денесі, секіруге қолайлы артқы аяқтары, кемірпш ауыздары, қатты дамыған алдыңғы кеудесі, жіңішке үстіңгі қанаты, жалпақ, желдеткішке ұқсас жиналатын қанаттары болады.

Зиянкес жылына бір рет ұрпақ береді. Олар жұмыртқа фазаларында алдын ала топыраққа салған күбіршенің ішінде қыстап шығады. Итальяндық шегірткенің дернәсілдері 35-45 күнде дамиды. Даму кезеңінде 4-5 рет түлеп, 4-5 жасқа өтеді.

Шегірткелерге қарсы күресте агротехникалық, химиялық және биологиялық тәсілдері қолданылады. Оларға қарсы күрес шаралары шегірткелердің санына жасалған бақылау нәтижесіне қарап жүргізіледі. Алдын алу шараларының маңыздысы – ерте көктемде шегірткелер табылған егістік танаптарды бітзұмсықты немесе дискілі тырмалармен өңдеу. Химиялық өңдеу жұмыстары дернәсілдер қанаттанғанға дейін 2-3 жасында жүргізілсе, тиімділігі жоғары болады.

**Назерке ЗЕЙНОЛДАНОВА,**
**«РФД ж БӘО» РММ Ескелді аудандық филиалының энтомологы.**

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АКТУАЛЬНЫЙ ВОПРОС

# КАК В КАЗАХСТАНЕ БУДУТ РАБОТАТЬ ЦЕНТРЫ ПОДДЕРЖКИ СЕМЬИ

**МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ РАЗРАБОТАЛО ПРАВИЛА ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЦЕНТРОВ ПОДДЕРЖКИ СЕМЬИ, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.**



Центры поддержки семьи — организации, реализующие меры государственной семейной политики по профилактике бытового насилия, а также осуществляющие поддержку лиц (семей), оказавшихся в трудной жизненной ситуации.

Центры создаются или организуются по решению местных исполнительных органов в районах и в городах при местных исполнительных органах по вопросам социальной защиты и занятости населения.

**Задачами центров является:**
реализация мер государственной семейной политики, в том числе мер по сохранению брака и семьи, разрешению семейных конфликтов;
координация работы по охвату поддержкой лиц (семей), оказавшихся в трудной жизненной ситуации, государственными органами в пределах своей компетенции, в том числе посредством интегрированной модели;
содействие в оказании социальной, юридической и психологической поддержки лицам (семьям), оказавшимся в трудной жизненной ситуации;
оказание поддержки лицам с признаками бытового насилия с возможностью их временного проживания сроком до одного месяца;
проведение информационно-разъяснительной работы о направлениях и мерах государственной семейной политики;
взаимодействие с местными исполнительными органами, организациями, волонтерами, консультативно-совещательными органами по вопросам реализации государственной семейной политики, профилактики бытового насилия;
проведение мониторинга и анализа тенденций государственной семейной политики;
организация работы мобильных групп по раннему выявлению и организации оказания поддержки лицам (семьям), находящимся в трудной жизненной ситуации, при участии органов образования, здравоохранения, внутренних дел в пределах своей компетенции, под координацией местного исполнительного органа по вопросам социальной защиты и занятости населения;
реализация иных мер по профилактике бытового насилия в соответствии с законодательством РК.

Штатное расписание работников центров устанавливается с учетом потребностей и возможностей бюджета с соблюдением минимальных штатных нормативов.

**Центры оказывают следующие услуги:**
организация работы по выявлению лиц (семей), оказавшихся в трудной жизненной ситуации или риска ее наступления;
осуществление комплексной оценки ситуации лиц (семей), оказавшихся в трудной жизненной ситуации, а также составление и ведение индивидуального плана сопровождения этих лиц;
предоставление консультаций по вопросам получения государственных услуг, специальных социальных услуг и социальной помощи, направление в соответствующие государственные органы и организации для дальнейшего урегулирования;
психологическое консультирование;
юридическое консультирование;
предоставление краткосрочного размещения лицам (семьям) с признаками бытового насилия с возможностью их временного проживания сроком до одного месяца до перенаправления в соответствующие организации;
предоставление кабинетов помощи детям — жертвам насилия;
привлечение социальных партнеров и волонтеров для оказания помощи лицам (семьям), оказавшимся в трудной жизненной ситуации, и лицам с признаками бытового насилия;
проведение обучающих семинаров и других мероприятий, направленных на укрепление семьи, в том числе по созданию семьи;
предоставление юридической и психологической консультации по бракоразводным процессам;
координация межведомственного взаимодействия по организации оказания услуг, в том числе посредством интегрированной модели, перенаправление лиц (семей), оказавшихся в трудной жизненной ситуации, в другие организации для получения специальных социальных услуг, мониторинг эффективности межведомственного взаимодействия;
взаимодействие с местными исполнительными органами, органами образования, здравоохранения, социальной защиты, внутренних дел, юстиции, неправительственными организациями, иными организациями и общественностью для реализации индивидуального плана сопровождения лиц (семей), оказавшихся в трудной жизненной ситуации;
осуществление иной деятельности, способствующей содействию осуществлению прав, свобод граждан, защите их законных интересов, повышению уровня правовой и социальной защищенности населения.

**В центры в течение всего календарного года принимаются:**
лица (семьи), оказавшиеся в трудной жизненной ситуации или в ситуации риска ее наступления;
неблагополучные семьи, состоящие на профилактическом учете в органах внутренних дел;
семьи, отнесенные к экстренному, кризисному и к неудовлетворительному уровню;
лица с признаками бытового насилия;
лица, столкнувшиеся с сексуальным насилием;
семьи в бракоразводном процессе, в предразводной или постразводной ситуации, влекущей конфликтные ситуации;
лица, планирующие вступить в брак;
лица (семьи), обратившиеся добровольно.

При этом указывается, что указанный перечень целевых групп не является исчерпывающим.

Центры осуществляет сотрудничество с государственными органами и организациями, правоохранительными органами, судами, неправительственными организациями.

**Лицам с признаками бытового насилия оказываются следующие услуги:**
предоставление информационных и справочных услуг;
помощь в трудоустройстве, профессиональной подготовке, переподготовке и повышении квалификации;
оказание информационной, юридической, психологической помощи;
содействие в получении гарантированного объема бесплатной медицинской помощи;
содействие в получении государственной адресной социальной помощи;
предоставление консультаций по вопросам получения государственных услуг, специальных социальных услуг и социальной помощи, направление в соответствующие государственные органы и организации для дальнейшего урегулирования.

При необходимости идентификации лиц с признаками бытового насилия центр в течение двух рабочих дней перенаправляет его в соответствующие организации, предоставляющие специальные социальные услуги жертвам бытового насилия.

Идентификация лиц с признаками бытового насилия проводится в соответствии с критериями оценки наличия жестокого обращения, приведшего к социальной дезадаптации и социальной депривации.

Предоставление временного проживания лицам с признаками бытового насилия осуществляется за счет бюджетных средств, на основании направления районных (городских) уполномоченных органов занятости и социальных программ, уполномоченных органов в области здравоохранения, внутренних дел по месту фактического нахождения лица (семьи), а также по личному заявлению лица, непосредственно обратившегося в центр.

При обращении лиц с несовершеннолетними детьми прием осуществляется вместе с ними, о чем в течение 24 часов письменно извещают правоохранительные органы и органы, осуществляющие функции по опеке или попечительству.

**В центрах организуются службы (отделы):**
административный отдел;
служба (отдел) комплексного сопровождения и консультации;
служба (отдел) методологии и информационно-аналитической работы.

Административный отдел осуществляет координацию и управление всеми операционными аспектами деятельности учреждения.

Служба (отдел) комплексного сопровождения и консультации осуществляет выявление и сопровождение лиц (семей), нуждающихся в помощи.

Служба (отдел) методологии и информационно-аналитической работы осуществляет информационно-просветительскую работу, разработку и реализацию обучающих мероприятий среди населения, направленных на снижение социальных рисков наступления семейного неблагополучия, укрепление знаний и навыков, способствующих преодолению трудной жизненной ситуации.

Кроме того, в центрах в зависимости от потребности могут создаваться иные службы или отделы.

Также предусматривается, что центры организуют работу мобильных групп в соответствии с алгоритмом межведомственного взаимодействия по вопросам оказания помощи семьям и лицам, находящимся в зоне риска наступления трудной жизненной ситуации.

Участники мобильных групп осуществляют выезды с целью выявления лиц или семей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации или риска ее наступления, и фактов ненадлежащего исполнения родителями и законными представителями своих обязанностей, и своевременно информируют уполномоченные государственные органы согласно с их компетенциями.

**В рамках профилактики наступления трудной жизненной ситуации центры проводят следующие мероприятия:**
информационно-разъяснительную работу по направлениям деятельности центра;
консультирование семей;
программу и компании по направлениям деятельности центра, реализуемым другими уполномоченными органами по вопросам семейной политики.

При этом перечень мероприятий для проведения профилактики наступления трудной жизненной ситуации также не является исчерпывающим.

Указывается, что мероприятия по профилактике наступления трудной жизненной ситуации проводятся совместно с организациями образования, здравоохранения, внутренних дел, социальной защиты населения в пределах установленных компетенций и при их поддержке, а также неправительственными и другими организациями.

Финансирование центров осуществляется за счет средств местных бюджетов и иных источников, не запрещенных законодательством.

Центры имеют самостоятельный счет в казначействе, бланки, печати и штампы с изображением государственного герба РК и наименованием на казахском и русском языках, могут выступать истцом и ответчиком во всех инстанциях суда.

*Документ размещен на сайте «Открытые НПА» для публичного обсуждения до 27 мая.*

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІЛІМ

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ҰБТ-ҒА 414 ТҮЛЕКТІҢ 274-І ҚАТЫСАДЫ

***КӨЗДІ АШЫП ЖҰМҒАНША 2024 ЖЫЛҒЫ ОҚУ ЖЫЛЫ ДА АЯҚТАЛДЫ. СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛЫП, МЕКТЕП БІТІРУШІЛЕР АЛТЫН ҰЯЛАРЫМЕН ҚИМАЙ ҚОШТАСЫП, ӨЗГЕ ОҚУШЫЛАР ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҒАДЫ. ЖЕТІСУ ӨҢІРІНІҢ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА 30 БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНІҢ 19 ОРТА (ОНЫҢ ІШІНДЕ БІР ГИМНАЗИЯ), 6 НЕГІЗГІ, 5 БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ. 13 ҚАЗАҚ, 17 АРАЛАС МЕКТЕП БАР, АЛ АУДАН БОЙЫНША 9 МЫҢНАН АСТАМ БАЛА БІЛІМ АЛУДА.***



«Баламды медресеге біл деп бердім» деп данышпан Абай айтқандай, ата-ана үшін ұрпағының білімді, тәлімді-тәрбиелі болуы аса қажет. Сол үшін балаларының заманауи үлгіде білім алғанын қалайды. Қатарынан қалмасын деп оқығанын, білімді санасына тоқығанын талап етеді. Ұстаз да, ата-ана да баланың тәлім-тәрбиесіне тікелей жауапты. Бұл жайында қуанатын да, қуаратын да жағдайлар бар. Баланың білімді мектепте қаншалықты игеретініне ұстаздың бала оқытудағы тәжірибесі үлкен рөл атқарады. Бір сыныпта отызға жуық оқушы бар болса, «құйма құлағы», «ақпа құлағы» тағы бар. Ұстаздың да еңбегі жанып, ата-ананың да абыройын асқақтатқан оқушы мектептің, қала берді ауданның, облыстың мақтанышы. Оны түрлі білім жүйесіндегі облыстық, республикалық байқаулардың нәтижесінен көруге болады. Әртүрлі пәннен дара шапқан жүйріктер тіпті халықаралық байқауларда топ жарып жүр.

Бүгінгі қоғамда мемлекеттік және жекеменшік мектептер арасындағы бәсеке қыза түскен. Жағдайы көтергендер балаларын ақылы мектептерде оқытса, жоғары сыныпқа өткен балаларын түрлі ақылы курстарда оқытып жүрген ата-аналар да бар. Мектептегі ұстаздар мен оқушыларды оқу жылы бастала салысымен тоқсан сайын БЖБ, ТЖБ тапсыру қажытып жіберген. Бұл тек қана Ескелді ауданына ғана қатысты емес, республиканың барлық мектебіне тән құбылыс.

Міне, оқу жылы да аяқталды, білім ордаларындағы басты мәселе мектеп бітіретін түлектердің ҰБТ-дан сүрінбей өтіп, алтын белгіге, үздік аттестатқа үміткерлер өз білімдерін дәлелдеу керек. Осы арқылы ғана әр мектептің білім дәрежесі сараланады. Бұл аудан, қала және облыстың білім саласының көрсеткішін көрсетеді.

Оқу жылының аяқталуына орай ақпарат құралдарының нысанасына іліігіп тұрған білім жүйесі жайлы қалам тербеуде Ескелді ауданының білім бөліміне хабарласып, ауданның білім көрсеткіші туралы ақпарат сұраған едік. Білім бөлімі берген ақпаратқа сүйенсек, 2022-2023 оқу жылында 425 түлек мектеп бітіріп, оның 304-і ҰБТ тапсырған, 18 оқушы «Алтын белгі» төсбелгісін алса, 31 бала «Үздік аттестатқа» ие болып, өз білімдерін дәлелдеп шыққан. Өткен жылы ҰБТ-дан орташа балл – 75,1 болса, ұлттық бірыңғай тестілеуден өткен 304 оқушының 226-сы мемлекеттік грантқа ие болған. Ал 2023-2024 оқу жылын 414 түлек аяқтамақ, оның 274-і ҰБТ-ға қатысады. Бұл түлектердің арасында 6 оқушы «Алтын белгі» төсбелгісіне үміткер болса, 37 оқушы «Үздік аттестат» иегерлері. Осы үміткерлер сынақтан сүрінбей өтіп, өз білімдерін дәлелдей алса Ескелді ауданы үшін үлкен абырой. Олимпиадалық жарыстардағы көрсеткішке жеке тоқталар болсақ, ауыл олимпиадасының республикалық кезеңіне қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша Алдабергенов атындағы орта мектебінің 10-сынып оқушысы Мерей Жандосқызы қатысып, жүлделі 3-ші орын иеленсе, Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11-сыныптар арасындағы олимпиадада Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектебінің 11-сынып оқушысы Зере Кеңесқызы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жүлделі 3-ші орын, Шестаков атындағы орта мектебінің 10-сынып оқушысы Таисия Домаева орыс сыныбындағы қазақ тілі пәнінен жүлделі 3-ші орын, Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6-сынып олимпиадасынан Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектебінің 5-сынып оқушысы




Арайлым Ербайытқызы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 3-орын, «Ел Үміті




Talent» онлайн Республикалық физика олимпиадасына Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының 8-сынып оқушысы Кәусар Әбдіғали қатысып, жүлделі 3-ші орын, жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларының зерттеушілік жұмыстары мен шығармашылық жобаларының республикалық «Зерде» конкурсының қорытынды кезеңіне Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының 7-сынып оқушысы Құндыз Халықова, Титов атындағы орта мектептің 4-сынып оқушысы Ералы Қазбек

> ***Аудан бойынша 9 мыңнан астам бала білім алады.***
> ***
> ***Облыстық пән олимпиадасынан 17 оқушы, облыстық байқаулардан 52 оқушы жүлделі орындарға ие болды.***
> ***
> ***Аудан бойынша 3 қазақ, 17 аралас мектеп бар.***

қатысып, жүлделі 1-ші орын, Президенттік олимпиаданың бірінші өңірлік кезеңіне 24 оқушы қатысса, іріктеу кезеңінде Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы Әли Аян 1-ші орынға, 11-сынып оқушысы Даяна Дүйсебаева 3-ші орынға ие болған. Облыстық пән олимпиадасынан 17 оқушы, облыстық байқаулардан 52 оқушы жүлделі орындарға ие болған. Бұдан бөлек, «Елбасы Медалі», Пән олимпиадасының Республикалық кезеңінде «Алтын медаль», Республикалық «Дарын» ғылыми жоба жұмысынан, Республикалық Абай, Шәкәрім оқуларынан, Республикалық 5-6-сынып оқушылары арасынан пән олимпиадасынан жүлделі орын алған мектеп түлектері бар.

2022-2023 оқу жылында Ескелді ауданы Жетісу облысы бойынша білім саласы бағытында «Ең үздік аудан» номинациясын иеленді. Аудан бойынша білім көрсеткіші 2022-2023 жылы – 63,1%. Биылғы оқу жылында аудан бойынша білім көрсеткіші – 63,7 пайызды құрайды. Жалпы облыс бойынша Ескелді ауданының білім саласы қай орында тұрғаны оқу жылы аяқталып, түлектер сынақтарын тапсырып біткенде, балапанды күзде санағандай мерзімде белгілі болады.

Көкейкесті мәселенің бірі – елді мекендердегі ауыл мектептерінде кадр мәселесінің түйіні әлі тарқатылмай келеді. Оқу бітірген жас мамандардың көбі қалалы жерде тұрақтағысы келеді. Мәселен, қала мектебіне бір логопед, екі психолог қажет болса, мектептерде екі логопедтен ұстап отырғандары бар. Себебін сұрасаңыз «бірі декреттік демалысқа кеткенде алынған» дейді. Өзге өңірлерге тән өзекті мәселе Ескелді ауданында да бар. Аудандық білім бөлімінің басшысы Мұрат Бектұровтың айтуынша, математика, орыс тілі, логопед, дефектолог мамандары аса қажет.

Соңғы үш жылда «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 60 педагогке сұраныс берілсе, соның 40-ы жұмысқа алынған. 28 мұғалім көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу үшін 12 мұғалім бюджеттік кредиттеу алған. Ал 2023 жылы осы бағдарламаға қатысу үшін 86 педагогке сұраныс беріліп, оның ішінде 24 мұғалім тұрғын үй және 40 педагог бюджеттік кредиттеу алған. Биылғы 2024 жылға осы бағдарламамен 89 педагогке сұраныс берілген.

Жалпы аудан бойынша 1288 педагог қызмет атқаруда. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығына сәйкес 39 педагогикалық қызметкер жұмысқа тартылыпты.

Білім бөлімінің басшысы Мұрат Мұхтарұлы педагогтар НОБД электрондық жүйе арқылы жұмысқа қабылданатынын да тілге тиек етті. Оның сөзінше, білім саласындағы мұғалімдердің 94 пайызы жоғары білімді, 168-і жас маман, соның ішінде 2 педагог-шебер, жалпы үлесі 21 пайыз, 2-ші санаттағы 1 басшы, 3-ші санаттағы 8 басшы, жалпы – 36 пайыз, 2-ші санаттағы 3 бірдей орынбасар, 3-ші санаттағы 19 орынбасар бар. Мемлекет тарапынан білім саласына көңіл бөлініп келеді. Жас ұрпақты тәрбиелеуде өлшеусіз үлес қосып жүрген мұғалімдердің санатын әрі жалақыларын көтеруде атқарылып жатқан істер біризге түскен. Бұл бағытта Ескелді ауданы бойынша білім саласындағы мұғалімдердің де қосқан үлесі бар.

**А. БҰЛҒАҚОВ.**

**Суреттер ғаламтордан алынды.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



**«ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ» ДЕГЕН ТӘМСІЛДІ БІЗ ЖИІ АЙТАМЫЗ. АЛАЙДА СОЛ ОТБАСЫНЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕСІ, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛЫ БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ҮЛКЕН РӨЛ АТҚАРУДА. ҰРПАҚТЫҢ ӨСІП-ӨНУІ, КӨБЕЮІ ДЕРБЕС МЕМЛЕКЕТ ҮШІН ЗОР МАҚТАНЫШ. СЕБЕБІ, ОТАНДЫ ОНЫҢ ШЕКАРАСЫН КӨЗДІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ ҚОРҒАЙТЫН САРБАЗ, САҚШЫ, ҚАУІПСІЗДІК ҚҰРЫЛЫМДАР, ӨЗГЕ ДЕ САЛАЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫНДА АДАМ ФАКТОРЫНАН ҚҰРАЛАДЫ. ДЕМЕК, ХАЛЫҚ КӨБЕЙМЕСЕ ОТАН ДА ЖОҚ. ХАЛЫҚ КӨБЕЙСЕ ОТАН ДА ҚОРҒАЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ҰРПАҚТЫ КӨБЕЙТІП, ӨСІРЕТІН КІМ? ӘРИНЕ ЕР МЕН ӘЙЕЛ.**

# ОТБАСЫНЫҢ БЕРЕКЕСІ БҰЗЫЛМАСЫН

«Ердің қабырғасынан жаралған» әйелге қандай құрмет көрсетсең де артық етпейді. Себебі, ұрпағы үшін түн ұйқысын төрт бөліп, тас емшегін жібіткен аналардың зорлық-зомбылыққа жиі ұшырайтыны туралы қоғамда резонанс туғызды. Сол себепті мемлекет әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының құрамын жасақтап, оны жүзеге асыруды жергілікті билікпен бірлесіп, комиссия құрып, ережесін жасап, жұмыс жоспарын бекітіп жүзеге асыруда.

Көксу ауданы бойынша көпбалалы аналарымыздың саны 1 358-ге жеткен. Олардың ішінде «Батыр ана», «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлерінің саны жылдан жылға артып келеді. Ардақты аналар тек қана ұрпақ қамымен ғана айналысып қоймайды. Олардың отбасынан бөлек, қоғамның қай саласына барсаңызда ерлермен иық тірестіріп қызмет жасап жүргенін көресіз. Тарихтың «тар жол тайғақ кешуіндегі» кезеңдерге көз салсаңыз қолдарына қару алып, жауға атойлай шапқанда осы – арулар, аналар болатын. Тылда да, майданда да әйелдер жасаған ерлік аз емес. Кешегі кеңестік кезеңнің өзінде техниканың тізгініне жармасып, төрт түлік бағып, ел басқарған нәзік жандылардың есімін ел ұмытпайды. Ауданға қарасты Еңбекші ауылының экономикасын өрлетіп, ауылдың ажарлануына үлес қосқан «Еңбек Ері» Зылиха Тамшыбаеваның есімін кезінде он бес одақ түгел таныған болатын. Бүгінде ауданда өзге құрылымдарды айтпағанда, 900-ден астам кәсіпкер әйел кәсіптерін дөңгелетуде. Анаға деген құрметті қасиетті кітап Құраннан да оқи аласыз. Әлем бойынша Халықаралық әйелдер мерекесі тойланады.

Қазақстанда алғаш рет тойланып жатқан «Аналар күні» мерекесіне орай Көксу ауданы, Мұсабек ауылдық округінде «Мейірімділікті анадан үйрен, әдептілікті данадан үйрен» атты ұйымдастырылған мерекелік іс-шара өтті. Мұнда белсенділігімен көзге түскен он округтің аналар кеңесінің мүшелері жас ұрпаққа тәлім-тәрбиелерімен бөлісіп, отбасылық құндылықтар туралы ойларын ортаға салды. Мұндай тағылымды пікірлер, әсіресе, жас отбасыларға үлкен сабақ болды. Бүгін қосылып ертесі ажырасып жататын жанұяларға қол ұстасып, өмірдің бұралаң жолдарынан сүрінбей өтуге, қиындықтарға мойымай, морт сынып кетпей, өмірге әкелген ұрпақты тірі жетім жасамай, саналы тәрбие, білім беруде ана мен әкенің арқалайтын жүгі жеңіл еместігін айтты. Отбасының ұйытқысына айналған аналар құрметіне



мәдениет үйінің қызметкерлері мен мектеп оқушылары жалынды музыкалық сәлемдерін жолдады. Аудан әкімі Дәулет Халеловтың сөзінше, өңір бойынша әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заңдарды талқылау мақсатында аудан әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері, аудандық аналар кеңесінің мүшелерімен дөңгелек үстел өткізіліп тұрады. Осы жиынның кезекті отырысында әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң нормалары бойынша тиісті мекеме басшылары баяндама жасап, жан-жақты талқыланыпты. Жалпы отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға қатысты дүниелер күн тәртібіндегі өзекті мәселе екені белгілі. Бұдан өзге отбасы тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтарды насихаттау, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеу, қарттардың бос уақыттарын тиімді өткізуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру туралы да мәселелер жиі талқыланатынын да тілге тиек етті аудан басшысы.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған профилактикалық іс-шаралар туралы айтар болсақ, неке және отбасы құндылықтарын сақтау бойынша атқарылған жұмыстарды тілге тиек етуге болады. Оған ауданның полиция бөлімі, жергілікті полиция бөлімшесі биылғы жылдың наурыз айында ҚР ІІМ 2015 жылғы 25 желтоқсанындағы № 1097 бұйрығының 8-тармағына сәйкес, Көксу ауданының ПБ-нің ЖПҚБ Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының штаттық саны – 1 бірлікті (инспектор) құрайды. Әйелдерге қатысты тіркелген қылмыстардың жай-күйіне келсек, ағымдағы жыл басынан аудан аумағында барлығы 14 (2023ж.-24) қылмыстық іс тіркелген.

Аудан әкімі Дәулет Кенжеханұлының айтуынша, ауданда әйелдерге қатысты әрбір қылмыс дерегі бойынша күн сайын талдау жүргізіліп, әрбір қылмыс дерегінің себебі анықталып, профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланған резонанстық жарияланымдар бойынша жан-жақты тексеріліп, тиісті ақпарат ПД ЖПҚБ-на ұсынылады. Заңмен бекітілген, Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңын жүзеге асыруда ағымдағы жылдың басынан жал-



пы 36 (2023ж. – 36) құқық бұзушыларға (яғни, заңды күйеулеріне және азаматтық некедегі күйеулеріне), оның ішінде ӘЗЗҚТ инспекторымен 2 (2022ж. – 2 ) қатысты қорғау нұсқамасы шығарылып, ал 2 (2023ж. – 2) құқық бұзушыға қатысты ерекше талап орнатылды. Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында жасалған құқық бұзушылықтар бойынша ҚР ӘҚБТК-нің 73 бабымен барлығы 64, оның ішінде әйелдерге қатысты жасалған 43 әкімшілік құқық бұзушылық анықталған (заңды некедегімен – 22, бұрынғы ерлі – зайыптылар – 3, азаматтық некедегімен – 3, басқа туыстар – 15).

Аудан әкімінің баспасөз қызметі берген ақпаратқа зер салсақ, анықтама бойынша ӘҚБК 73 бабымен (Отбасы тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекет) – 32. ӘҚБК 73 – 1 бабы (денсаулыққа жеңіл дәрежелі дене жарақатын келтіру) – 6. ӘҚБК 73 – 2 бабы (ұрып-соғу) – 5 тіркелген. Ауданда әйелдер арасында жыл басынан есеп беру мерзімінде өз-өзіне қол салу дерегі тіркелмеген. Сондай-ақ, ай сайын ПБ-нің Криминалдық полиция бөлімінің іздестіру бөлімшесімен із-түссіз жоғалып кеткен әйелдерге салыстыру жүргізіліп отырады. Бұл бағытта өткен жылы да, биыл да із-түссіз жоғалу дерегі тілкелмеген, алайда ӘЗЗҚТ-на 45 әйел жүгініп, оларға құқықтық және психологиялық көмек көрсетілген. ӘЗЗҚТ-ның инспекторымен 1 құқық бұзушыға (яғни, заңсыз және заңды күйеуі) қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған. Дағдарыс орталығына 4 балалы ана орналастырылып, оған құқықтық және психологиялық көмек көрсетілген. Қандай іс-шара атқарылса да соның барлығы ақпарат құралдарына жарияланады. Мәселен, биыл «police_koksu» және учаскелік полиция пункттерінің ақпараттық агенттіктеріне 21 ақпарат (2023ж – 19) жарияланған. Зорлық-зомбылық бұл қылмыс әрі отбасылық үлкен трагедия.

Экс министр Қуандық Бишімбаевтың азаматтық некедегі жұбайы Салтанатқа жасаған зорлығының аяғы кісі өліміне әкелді. Бүкіл әлем тікелей эфирден сот барысын бақылап отырды. Қылмыскерге үкім кесіліп, 24 жылға бас бостандығынан айырды. Бұл – жанұялы болған жандарға үлкен ой салды. Сондықтан отбасындағы зорлық-зобылыққа жол жоқ. Бұл арада әйел қауымы да ойлануы тиіс. Отбасының берекесі – ерлі зайыптыларға ортақ мүдде.

**Айтақын МҰХАМАДИ**

## Дүйсенбі - Понедельник, 27 мамыр

### ҚАЗАҚСТАН

06.05«Түркі әлемі» д/ф
06.30, 04.10 «Тіршілік»
07.00 «Таңшолпан» таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама, тікелей эфир.
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.10, 21:25 Әскери ант
13.10 Әскери ант
13:20 «Тату-тәтті», реалити шоу
15:00 Ақпарат
15:15 Апта сараптамалық бағдарлама
16.05Т/х«Қанатсыз құстар»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауыр-лар»
23.10«1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
00:45 «Ашық алаң» ток-шоу
01.35 «Сана»
02.40 «Тату-тәтті» реалити шоу

### ХАБАР

05.00 01:00 ҚР Әнұран
05:00 Худ.фильм. «Пылающее море»
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Біздің назарда»
10:30 мультфильм
11.45 Мультсериал
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Қарлығаш ұя салғанда»
15.00, 21:45 Т/х «Тасқын»
16.00, 23:30 Сериал «Улыбка пересмешника»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талкы»
22.30 Хабарлайк

### АСТАНА

06.20Т/х «Ене»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-5»түрік т/х
10.10 «Қорғаушы ханым» телехикаясы
11.35 «Кеш келген махаббат»үнді т/х
12.50,23.30Т/х «Шаньян ханшайым»т/х
13.45 сериал «Қаһарман»
15.10, 00.20 Сериал «Склифософский-6»
17.10 С меня хватит
18.10 «Искушение»т/с
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
00.20 Сериал «Склифософский-7»

### ЕВРАЗИЯ

06.00«Маленькая барабанщица» т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
11.50худ.фильм «Роковое смс»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Крепкие орешки-3»
00.20 Ночной кинотеатр.
01.15 Охота на изюбря
02:05 «Новости»
02:20 «Жаңалықтар
02:35 «Көреміз»
03:20 «Басты жаңалықтар
03:50 «Паутина»

### КТК

07:05 «Әнім сен едің» қайталау
07.55Т/х «Жат туыстар» отандық телехикая
10.00 «Парад юмора» ш/п
12:40 «Посторянняя» мелодрамма
15.00Т/х «Өртенген сезім»
18.40 Дау -дамайсыз
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.40 «Отставник»
02:05 Посторянняя
03:50 «Астарлы ақиқат
04:30 «Дау-дамайсыз
05:10 кешкі жаңалықтар

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Сапарлайық»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 «Шіркін-ай»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Ділмар»
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Менің балалық шағым»
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ойсарап»
17.00 «Әсем әуен»
17.45 «Астана аспаны»
18.00 «Елге қызмет»
18.30 «Баспасөзге шолу»
18.45 «Жетісу-спорт»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06:00 әзіл студио
07.00 «Күліп ал»
08.00 Тик –ток шоу
08:30 Тайм вайн
09.00 «Маша и медведь»м/с
09.10 Ханзада жумонг
12.20 Кино. Лара Крофт
15.20 Кино. «Наследия Рокки»
18.00 Ордер на смерть
20.00 Информбюро
21.00 Кино
23.20 Хanзада Жумонг
02.00 «31 әзіл»
02.30 тайм вайн
02:50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 «Қырсық Ханзада»

### 7 КАНАЛ

06.02Т/х «Qелі»
06.30 Алданған әйел
08.30 Мультфильм
10:00 сериал «Зулейха открывает глаза»
12:00, 21:30 сериал «Нити судьбы»
16:00 т/х «Әке мен әке»
17.40 Әзіл-сықақ кеші
20.00 Гюльчатай
23.20 Т/х Әзіл ман
00.00 Махаббат қызық хикая
02.10 Бастық боламын
03.30 Тойлайк
04:12 Үзіліс

## Сейсенбі - Вторник, 28 мамыр

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Түркі әлемі» д/ф
06.30, 04.10 «Тіршілік»
07.00 «Таңшолпан» таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама, тікелей эфир.
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.10, 21:25 Әскери ант
13.10 Сұңқар
13:20 «Тату-тәтті», реалити шоу
15:00 Ақпарат
15:15 Апта сараптамалық бағдарлама
16.05 Т/х«Қанатсыз құстар»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауыр-лар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
00:45 «Ашық алаң» ток-шоу
01.35 «Сана»
02.40 «Тату-тәтті» реалити шоу

### ХАБАР

05:00 Худ.фильм. Пәленшеевтер-2
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Біздің назарда»
10:30 мультфильм
11.45 Мультсериал
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Қарлығаш ұя салғанда»
15.00, 21:45 Т/х «Тасқын»
16.00, 23:30 Сериал «Улыбка пересмешника»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талкы»
22.30 Хабарлайк

### АСТАНА

06.20 Т/х «Ене»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман-5»түрік т/х
10.10 «Қорғаушы ханым» телехикаясы
11.35 «Кеш келген махаббат» үнді т/х
12.50,23.30 Т/х «Шаньян ханшайым»т/х
13.45 сериал «Қаһарман»
15.10, 00.20 Сериал «Склифософский-7»
17.10 С меня хватит
18.10 «Искушение»т/с
20.00 «Астана таймс»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Маленькая барабанщица» т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
11.50 худ.фильм «Так далеко, так близко»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Крепкие орешки-3»
00.20 Ночной кинотеатр.
01.15 Охота на изюбря
02:05 «Новости»
02:20 «Жаңалықтар
02:35 «Көреміз»
03:20 «Басты жаңалықтар
03:50 «Паутина»

### КТК

07:05 «Әнім сен едің» қайталау
07.55 Т/х «Жат туыстар» отандық телехикая
09.05 Было Дело
10.00 Мелодрама
11.10 Отставник
13.40 Маруся
15.00 Т/х «Өртенген сезім»
18.40 Дау -дамайсыз
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.40 «Отставник»
02:05 Посторянняя
03:50 «Астарлы ақиқат
04:30 «Дау-дамайсыз
05:10 кешкі жаңалықтар

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ел мен жер»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Елге қызмет»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу-спорт»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Менің арманым»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Барыңды бағала»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06:00 әзіл студио
07.00 «Күліп ал»
08.00 Тик –ток шоу
08:30 Тайм вайн
09.00 «Маша и медведь»м/с
09.10 Ханзада жумонг
12.20 Кино. Лара Крофт
13.10 Ордер на смерть
15.20 Кино. «Остров фантазии»
18.00 Кино
20.00 Информбюро
21.00 Кино
23.20 Ханзада Жумонг
02.00 «31 әзіл»
02.30 тайм вайн
02:50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 «Қырсық Ханзада»

### 7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Qелі»
06.30 Алданған әйел
08.30 Мультфильм
10:00 сериал «Гюльчатай»
12:00, 21:30 сериал «Нити судьбы»
16:00 т/х «Әке мен әке»
17.40 Әзіл-сықақ кеші
01.50 Зың-зың Күлпаш
03.30 Тойлайк
04:12 Үзіліс

## Сәрсенбі - Среда, 29 мамыр

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Түркі әлемі» д/ф
06.30, 04.10 «Тіршілік»
07.00 «Таңшолпан» таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама, тікелей эфир.
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.10, 21:25 Сұңқар
13.10 Сұңқар
13:20 «Тату-тәтті», реалити шоу
15:00 Ақпарат
15:15 Апта сараптамалық бағдарлама
16.05 Т/х«Қанатсыз құстар»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауыр-лар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
00:45 «Ашық алаң» ток-шоу
01.35 «Сана»
02.40 «Тату-тәтті» реалити шоу

### ХАБАР

05:00 Худ.фильм. Пәленшеевтер-2
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Біздің назарда»
10:30 мультфильм
11.45 Мультсериал
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Қарлығаш ұя салғанда»
15.00, 21:45 Т/х «Тасқын»
16.00, 23:30 Сериал «Улыбка пересмешника»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талкы»
22.30 Хабарлайк

### АСТАНА

06.20 Т/х «Ене»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман-5»түрік т/х
10.10 «Қорғаушы ханым» телехикаясы
11.35 «Кеш келген махаббат» үнді т/х
12.50,23.30 Т/х «Шаньян ханшайым»т/х
13.45 сериал «Қаһарман»
15.10, 00.20 Сериал «Склифософский-7»
17.10 С меня хватит
18.10 «Искушение»т/с
20.00 «Астана таймс»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Маленькая барабанщица» т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
11.50 худ.фильм «Так далеко, так близко»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Крепкие орешки-3»
00.20 Ночной кинотеатр.
01.15 «Охота на изюбря»
02:05 «Новости»
02:20 «Жаңалықтар
02:35 «Көреміз»
03:20 «Басты жаңалықтар
03:50 «Паутина»

### КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жат туыстар» отандық телехикая
08.25 Вечерние новости
09.05 Было Дело
10.00 «Игры детей старшего возраста»
11.10 «Отставник»
13.40 «Маруся»
15.35 Т/х «Өртенген сезім»
17.40 «Зәкира»
18.40 Дау -дамайсыз
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.40 «Отставник»
02.00 «Игры детей старшего возраста»
03:30 Было дело
04.10 Астарлы ақиқат
04:50 «Дау-дамайсыз»
05:30 кешкі жаңалықтар

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ұлт ұяты»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Барыңды бағала»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Шіркін-ай»
14.20 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жас тілші»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Әсем әуен»
19.45 «Жетісу-спорт»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06:00 әзіл студио
07.00 «Информбюро
08.00 Тик –ток шоу
08:30 Тайм вайн
09.00 «Маша и медведь»м/с
09.10 Ханзада жумонг
12.20 Кино. «Самаритянин»
14.40 Робокоп
17.20 Кино. «Робокоп-2»
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Перевозчик-3»
23.20 Ханзада Жумонг
02.00 «Падшие»
03.30 тайм вайн
03:50 Тик ток шоу
04.20 Ватсап
04.40 әзіл студио
05.00 «1001 әзіл»
05.00 Бала батл
05.30 ризамын

### 7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Q елі»
06.30, 00.00 Алданған әйел
08.30 Мультфильм
10:00 сериал «Гюльчатай»
12:10, 22:00 сериал «Нити судьбы»
14:00 «Три девицы»
16.00 «әке мен әке»
18.00 Әзіл-сықақ кеші
01.50 Зың-зың Күлпаш
03.10 Тойлайк
03:57 Үзіліс

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙТАРЫМ БАР

# БОЛАШАҚҚА БАЛТА ШАППАҢЫЗ...



***МЕНІ ҮНЕМІ МЫНАДАЙ ОЙ МАЗАЛАЙДЫ. БІЗ НЕГЕ ҰЛАН-БАЙТАҚ ЖЕРДІҢ ЖӘНЕ МОЛ ТАБИҒИ БАЙЛЫҚТЫҢ ИЕСІ, ҰЛЫ МЕМЛЕКЕТ АЛТЫН ОРДАНЫҢ МҰРАГЕРІ БОЛА ТҰРА ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДІҢ СОҢЫНДА ҚАЛЫП ҚОЙДЫҚ?***

Қазақстан бүгінгі күні: билікте арын сатқан дарынсыздар, ұлтжанды кәсіби деңгейі жоғары мамандар мемлекетті басқарудан шеттелген, озық ойлы белсенділер жаппай қуғынға түскен, алдамшылық пен ұрлық жайлаған, белшелерінен қарызға батқан, экономикасы құлдыраған, мәдениет, білім, ғылым, медицина мүшкіл жағдайға жеткен, әлеуметтік және тұрмыстық мәселелер ушыққан, берекесі кеткен, иесі жоқ азып-тозған үйге ұқсайды. Бұлардың түп тамырлары қайда жатыр? Осы өзекті сауалға ғылыми және аналитикалық дәлелдермен, ізгі ниетпен пікір алысумен нақты жауап таба алмасақ бейшара күйден құтылмаймыз. «Ақылдасып пішкен тон келте болмайды» деген нақыл сөз бекер айтылмаған. Осыған байланысты үш себеп туралы ойыммен бөлісуді жөн көрдім. Оған еріккеннен емес, өміріміздің шындығына билік пен халық көңіл аударсын деген мақсатпен жазып отырмын.

Бірінші. Ресей бодандығына тап болдық. Алтын Орда мемлекеті ыдырағаннан кейін ұлтымыздың басына қиын заман туды. Сыртқы жаулардан елін, жерін қорғап, ұлтжанды бабаларымыздың көбі мерт болды. Кейін Ресейдің патшалық билігі отарлау саясатын жүргізіп, халқымыздың саны өсуін және дамуын әртүрлі зұлымдықпен тежеді, тарихымызды бұрмалады. Ресейдің дербес мемлекет болып қалуында Алтын Орданың күрделі еңбегін жасырды. Карамзиннің жазғанын еске түсірейік. Сталиндік режим қолдан ашаршылық жасап, геноцид ұйымдастырды және репрессия жүргізді. Нәтижесінде халқымыз негізгі бөлігінен, дарынды көсемдерінен айырылды, қолына байлау, аяғына тұсау салынды. Оны Хрущев пен Горбачев жалғастырып, қасақана дискриминация және орыстандыру әдістерін кеңінен пайдаланды. Оған көптеген мысал келтіруге болады. Тұрмыстық және әлеуметтік мәселені шешуде құқығымыз көпе-көрнеу шектелді, орыс тілін білмесең қызметке орналасу, жоғары лауазымға қол жеткізу қиынға түсті, екі бастықтың біреуі міндетті түрде орыс болды. Соңғы нүктені Путинмен өзіміздің тоғышар билігіміз қоюда. Кезінде халық депутаттарының съезінде Н.Назарбаев ашық жария етті: *«Мы больше никому не будем ни младшим братом, ни чьим-то подбрюшье»*. Бірақ сөзін іске асыруға оның не пәрмені, не батылдығы жетпеді. Керісінше, теңдік талаптары сақталмаған әр түрлі келісімшарттар қабылдап, Ресейге тәуелдікті асыра түсті. Осы масқара жағдай түсінуге келмейтін қаперсіздікпен, мүмкін әдейі, әлі де жалғасуда.

Дербес мемлекет Украинаға негізсіз соғыс ашқан, террористік әрекетке асқан жауыздықпен барған, өз елін дағдарысқа ұшыратқан, халықаралық сот қылмыскер деп танып, тұтқындауға үкім қабылдаған, геосаяси шиеленіс кезеңін және қару-жарақты жаппай үдете өндіруді қайта әкелген, көптеген мемлекет президенттік өкілеттігін мойындамаған, Кремль қожасын жарыса мадақтауды қалай түсінуге болады?

Өткенмен бүгінді қозғап, мемлекет және ұлтаралық наразылықты туғызудан аулақпын. Керісінше жауапкершілікпен атап өтемін: тарихи шындықты айту, оны мойындау, әдейі жасалған бұрмалауды жою – әділ және тиімді қарым-қатынасқа жол ашады. Демек, екі мемлекет те, олардың халқы да тек ұтады. Бірі өте жиркенішті құлдық менталитеттен құтылады, екіншісі – тәкаппар шовинистік мінез-құлықтан. Бұлар өзара сенімді әріптестіктің маңызды тетігі және кепілі. Сондықтан байбалам салу негізсіз.

Мен ешкіммен араздыққа шақырмаймын. Тек Ресейдің үстемділігінен кетіп, тізгінді қолдан шығармай, салиқалы дербес саясат жүргізіп, Қазақстанның шын мәнінде тәуелсіз мемлекет болуын қалаймын. Бар болғаны осы. Биліктегілер орын алған жәйтті жоққа шығармақ болып, терлеп тепшіп өздерінше түсіндіруге тырысуда. Онысы, қара жамауды ақ жіппен тіккендей, айлакерлік екені көрініп, құлдықтың жағымсыз иісі мүңкіп тұрады. Егер айтылған ақиқаттарды мойындап, нәтиже беретін шара қолданбасақ, тәуелдінің күйін кешіп, шықпа жаным шықпа деп, өркениеттен шалғай қалған, қуыс кеуде даңдайсыған шовинистердің күнделікті қоқан-лоқысына үндей алмай, түртпегінде қала береміз. Бұға берсең мойныңа міне береді. Ақылдысымақ, жағымпаз, намыстан жұрдай көргенсіздерге беретін жауабым осы.

Екінші. Әр уақытта авторитарлық билік елдің жағдайының жақсаруы бұқараның қолында емес деумен келді. Нағыз ақиқатты дана билеуші ғана біледі, тиімді шешім қабылдау, жарқын болашақты қамтамасыз ету тек соның қолында деп халықтың санасын әбден уландырды, саяси талапсыздыққа, парықсыздыққа ұшыратты. Өкініштісі, біз сол арамза алдамшылыққа кешірілмейтін аңқаулықпен әлі де сенумен келеміз. Нәтижесінде: халқымыз адастырмайтын бағытын жоғалтты, үндемейтін, тұла бойын үрей жайлаған, күнделікті күйбеңнен аса алмайтын, біздің қолымыздан не келеді деп шарасыз күйге түсті. Шындық пен өтірікті, жақсымен жаманды ажыратудан, мүддесімен құқығы үшін күресуден, ұрпағының келешегін ойлаудан қалды, жанын шүберекке түйіп, жоғын жоқтайтын белсенді азаматтарды қорғаудың орнына, көзін едірейтіп, даттауды әдетке айналдырды.

Даналарымыз: «...жаным арымның садақасы» деген. Біз болсақ арымызды мәнсапқа, байлыққа ойланбастан айырбастадық. Бұл жазылмайтын дертімізге айналды. Надандық бізді тек қара басын ойлайтын, бұйрықты асқан ынталықпен орындауға, шаш ал десе бас алуға дайын тұратын, тас бауыр қатыгезге айналдырды. Оның қандай қиыншылыққа әкелгенін және немен бітетінін қалай түсінбейміз.

Демократиялық елдерде биліктің көзі халық, саясаттың қай саласы болмасын тікелей араласады, ықпалын жүргізеді. Авторитарлық басқару жүйесі орын алған мемлекетте бұл талап сақталмайды. Соның бірі – Қазақстан. Билік халықтың ұйымдасқанынан сұмдық қорқады, арсыз айлакерлікпен оны жібермеуге барша іс-әрекеттің ережесін белгіледі, орындалуын қатал бақылауға алды, халықтың мүддесіне қайшы келетін жүйені қалыптастырды. Мұны күнделікті көріп жүрміз. Сайлауды мақсатына жетудің басты құралына айналдырды. Оны әкімдер, орталық, округтық және учаскелік сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

Бұрмалаудың бәрі солардың тікелей ұйымдастыруымен жасалады. Халықтың пікірімен ешкім санаспайды. Заңды бұзушылар тиісті жауапқа тартылмайды. Неге десең ол алдын ала жоспарланған дүние және тәуелді соттың әділетсіздігі. Сөйтіп билік дегеніне жетуде. Қоғамда туатын наразылық, бірліктің жоғынан қауқарсыз, еш нәрсеге әсер ете алмайды. Ұлтымыздың білімділігін жаппай жетілдіріп, дағдарысқа түскен ақыл-ойын айықтыру ең маңызды міндетіміз. Сана түзелмей, халық белсенді бола алмайды, хал-ахуалымыз оңалмайды. Мұны түсінуге данышпан болу қажет емес.

Үшінші. Білім жүйесінде дилетанттардың үстірт жүргізген қисапсыз эксперименттері осы маңызды саланы құлдырауға ұшыратты. Оған дәлел ең озық деген ҚазҰУ дүние жүзінде 351-400 орын аралығында болуы. Сондықтан оқу орнын бітірушілердің көбі өмірдің сынағына, бәсекелікке дайын болмай қалды. Отаншыл, ұлтжанды, білімі терең, логикалық ойлау қабілеті жан-жақты дамыған, рухани дүниесі бай және әлеуметтік, саяси-экономикалық белсенділігі жоғары халық қана тағдырын өз қолына алып, өркениетті мемлекет құра алады, нысапсыз биліктің озбырлығына жол бермейді. Осы мәселені шешуде оқу-ағарту ісінің маңызы аса күрделі екенін түсіну үшін ЮАР-дың Стелленбосс университетінің бас кіре берісіндегі тақтадағы ескертуді келтірген дұрыс болар. Қазақ тіліне аударып көрейік. *«Кез келген ұлтты құрту үшін атом бомбалары немесе алысқа ататын ракеталар қажет емес. Тек білім берудің сапасын төмендету және оқушыларға емтиханда алдауға рұқсат беру ғана қажет. Ондай: дәрігерлердің қолынан емделуші қаза болады, инженерлердің салдарынан ғимараттар қирайды, экономистер және бухгалтерлер ақша жоғалтады, юристермен судьялардан әділеттік кетеді. Білім берудің күйреуі – ұлттың күйреуі».*

Біз осы көкейкесті ескертуге неліктен тас кереӊ, көр соқыр болудамыз? Мұның қайда әкелгенін, немен бітетінін қалай ойламаймыз?

Халық даналығы: «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» дейді. Осы нақыл сөзді естен шығарып алдық. Білімсіздікке ұрындық. Оның барар жері біреу, ол – надандық. Ал надандықтың салдары: биліктегілер ар-ұятты сырып тастап, айлакер азғынға айналады, бұқара өзіне деген сенімін жоғалтып, құлдық менталитеттің шырмауына түседі және ұшы-қиырсыз мәселелермен кемшіліктер өмірге келеді. Қиыншылықтың қыспағынан жүйкесі тозған, шыдамы шегіне жеткен халық дарынсыз шенеуніктерге қарсы шығуға мәжбүр болады. Оған тарихымыз куә. Билікке айтарым: осы мәселені ушықтыра бермей, естеріңді жиыңдар!

Қазақ: дананы да, батырды да ана туады дейді. Бұл анаға деген үлкен құрмет. Сол дүниеге келген сәбилердің тұлға болып қалыптасуына ұстаздардың орны айрықша бөлек. 70 жылдан артық уақыт өтсе де мен бірінші мұғалімім – Евгения Матвеевна Дёминаны әр уақытта үлкен ілтипатпен еске алам. Мінезі жайдарлы, шовинистік мінез-құлқы жоқ, өз ісіне берілген, білікті маман. Қысқаша айтқанда, табиғатынан нағыз ұстаз еді. Балалардың кемшіліктерін бетіне баспай, соларды жоюға барын салды. Қолымнан ұстап, екіні дұрыс жазуды үйретті, білім алуымның негізін қалады. Киген киімі, күлімсіреген бет-әлпеті бүгінде көз алдымда, жүрегімді елжіретеді. Балалық шағым еске түсіп, бір ерекше сезімге бөленем. Сол кісіге деген ризашылығым, кейін барша ұстазды құрметтеуге ұласты. Өсе келе адамның өмірінде ұстаздың орны ерекше екенін түсіндім. Ал бастауыш сыныптың мұғалімін – мұғалімдердің де ұстазы деп санаймын. Қисыны келгенде айта кетейін. Сол бастауыш сыныбының мектебінде оқығандар шетінен жоғарғы оқу орнын бітірді.

Мұғалім даналарымыздың өсиетін санасына сіңірсе, ата-анасынан, ұстаз, әріптестерінен алған білімдерін, тәлім-тәрбиесін, өнегелі істерін жүрегімен сезініп ақылымен түсінсе, оларды бар жан-тәнімен қабылдап, адастырмайтын өмірлік маяққа ТУ етіп алса – кәсіби парызын абыроймен орындайды, ұстаз деген құрметке ие болады! Қағиданың кез келген адамға қатынасы бар, әсіресе лауазым иелеріне. Егер осыны дер кезінде түсінгенімізде ғой, нағыз дамыған ел болар едік! Халық даналығы: ештен кеш жақсы дейді. Кеш қалмайық, құрметті ағайын! Мен оны үнемі насихаттаумен келемін. Бұл жерде ашық айтуымыз керек. Қоғамымызда қалыптасқан келеңсіз жағдайлар оған кедергі болуда. Атап айтсақ, мұғалімнің сана-сезімі, түсінігі биліктің озбырлығын еріксіз орындауға, жұмысқа қабылдануы «Аманат» партиясына мүше болуға, тұрмыс және әлеуметтік мәселесінің шешілуіне байланысты болса – ол ұстаз деген қадірлі атаққа ие бола алмайды. Өздеріңіз ойлаңыздар: күнкөрісті ойлап, шенеуніктердің арсыз қысымына көніп, алдамшылыққа барған, сайлаудың қорытындысын бұрмалаған мұғалімді аузың барып қалай ұстаз дейсің. Мұғалімдерді осынша қорлау және оған көну надандықтың барып тұрған сорақысы. Мұның авторлары халқымыздың, мемлекетіміздің нағыз жауы. Олардың билікте болуға хақы жоқ!

Енді мынаны түсінгеніміз абзал. Кешегі нашар мұғалім: бүгін білімсіз маман, арсыз басшы, ғылымға берері жоқ ғалым. Бүгінгі беделсіз мұғалім: ертең сол кемшіліктің еселеніп қайталануы. Ертеңгі нашар, беделсіз мұғалім: біздің болашағымыздың жарқын болмауы. Бүгінгі ұстазын сыйламайтын бала – ертең ата-анасын, халқын құрметтемейтін нақұрысқа айналады. Мемлекетіміздің өркениетті дамуын ойласақ мұғалімдердің еңбегінің ұлы екенін түсініп, қастерлеуге тиіспіз.

Қорыта айтсам, халықтың ұзақ жыл уланған санасының айығуы, белсенділігінің өсуі, жалпыұлттық идеологияның қалыптасуы негізінде Қазақстанның өркениетті дамуын қамтамасыз етуде – ұлағатты ұстаздардың, білім, мәдениет саласын басқаратындардың рөлі ерекше десем артық болмас. Әрине, олар осы қасиетті жауапкершілікті түсініп, бүгінгі хал-ахуалды сын көзбен талдап, ой елегінен өткізіп, мораль жағынан тазарып, рухани өсуі қажет. Бұлай болмаса, келешегімізді ойламай, қарынның тоқтығына мәз-мәйрам болып, надандықтың жетегінде кете береміз. Жеткен жетістігіміз осы ма?! Ойланайық, ағайын!

Мұғалімге деген құрметті, беделінің өсуін іс жүзінде мемлекеттік деңгейге көтерген абзал. Ұстаздың алдында ел билеушісі де бас июге тиіс. Ол ізеттіліктің белгісі, Қазақстанның қарқынды дамуының кепілі. Бір ұсыныс айта кетейін. Республикалық маңызы бар қалаларда, облыс орталықтарында, келешекте тіпті мектебі бар әр ауылда ұстаздарға арналған ескерткіштер орнатылса, халықтың көңілінен шығар еді. Ақын М. Шахановтың: «Ә.Еспаевқа «Ұстазым» деген бірақ әні үшін ескерткіш қоюға болады» деп айтқаны бар. Өте орынды пікір. Ұстаздарына деген ризашылығы мен құрметі А.Шамкенов пен Ә.Еспаевқа шабыт беріп, осы туынды дүниеге келген болар. Қанша уақыт өтсе де халық әнді үлкен тебіреніспен айтады. Бұл рухымызды көтеретін, ешқашан ескірмейтін, мәнін жоғалтпайтын, ең сүйікті әндеріміздің бірегейіне айналды.

Мұғалімдерге айтар ізгі тілегім. Қадір-қасиетті сақтау, ұстаз деген атқа сай болу ең алдымен өздеріңізге байланысты. Жалғыздың үні шықпас, ісі оңбас деген сөз бар. Сондықтан летаргиялық ұйқыдан оянып, парасатты жолмен, қайсар табандылықпен құқық пен абырой, жарқын келешек үшін бір кісідей жұмылып, күресу қажет. Арсыз билік шегінуге мәжбүр болады. Оған күмән болмасын. Батылдықпен бірлік жеңістің кепілі. Осыны есте сақтаңыздар болғаны.

«DAT» газетінде (26. 10. 2023 жылы) жарияланған мақаламда: *«Тоқаев бір сөзінде, экономистер және кәсіпкерлер болашағы бар ұсыныстар бермейді деді. Сонда, О.Сәбден, А.Қажыгелдин, А.Тұрсынқан, М.Тайжан, О.Ержанов, М.Джакишев, Ж.Набиев, Б.Әбілов, С.Боқаев және басқалардың ұсыныстарының ішінде билік көңіл аударатындай маңыздысы болмағаны ма?!»* деген едім. Әрине бар. Олардың ізгі ниеті негізінен мынада: ұтымды ұсыныс беру, халық, белсенділер және оппозицияның – өзаралық ауызбірлігі, биліктің халықпен, оппозициямен және белсенділермен түсіністігі, озық ой, айтылған сөз, атқарылған істің арасында алшақтықты жібермеуді, ескі жүйеден бүкіл мұрасымен құтылуды, шенеуніктердің жалақысын еңбегінің нәтижесіне тікелей байланыстыруды талап етеді. Бұл жердегі жағдайымызды айтар болсақ, ол мүлдем сын көтермейді. Өтірікті шындай, ақсақты тыңдай жасайтын мемлекетті дағдарысқа әкелген дарынсыздарды сапырып, санын көбейтумен мәселелер шешілмейді, керісінше шиеленісе береді. Бірлікті жай ұран ретінде төтенше жағдайлар кезінде ғана еске алғанымыз, айғай-шу басылғаннан кейін келесі ТЖ-ға дейін мүлдем ұмытуымыз, жауапсыздықтың, надандықтың белгісі. Атап өткен келеңсіз жәйттерді елемесек, іс-қимылымыз, орысша айтқанда «мартышкин труд» болып, нәтижесіз құр әурешілікке айналады. Президенттің бұған көзі жететін уақыт болды емес пе?!

Еңсемізді түсірмейік, балаларымыздың болашағына балта шаппайық. Игілікті істі жалғастыру – әр адамның парызы. Іске сәт, құрметті ағайын!

**Өмірсерік КӨПЖАСАРОВ**
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕЙ

# Әли ағаның әлемі

## немесе баспа ісінің алға басуына мұрындық болған қаламгер



**ГАЗЕТ ЖҰМЫСЫН СӨЗ ЕТКЕНДЕ КӨБІНЕ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ЕСЕЛІ ЕҢБЕГІ АЙТЫЛЫП, БАСПАСӨЗДІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ САНАЛАТЫН БАСПАХАНА ҚЫЗМЕТІ ҚАҒАЖУ ҚАЛЫП ҚОЙЫП ЖАТАДЫ. БҰЛ САЛАДАҒЫЛАРДЫҢ АТҚАРАТЫН БЕЙНЕТІН ОСЫ ЖЕРДЕ ЕҢБЕК ЕТКЕН ЖАН, БАСПА ІСІНІҢ АЛҒА БАСУЫНА МҰРЫНДЫҚ БОЛҒАН, КЕЙІНГІ ҰРПАҚҚА РУХАНИ АЗЫҚ БОЛАРЛЫҚ ТУЫНДЫЛАР ЖАЗЫП, ЕҢБЕКҚОРЛЫҒЫМЕН, ҰЛАҒАТТЫ ІСІМЕН ТАНЫЛҒАН ҚАЛАМГЕР ӘЛИ ӘПЕКҰЛЫ ЖАҚСЫ БІЛЕДІ. ҚАШАН КӨРСЕҢІЗ ТІК ЖҮРІП, ТАЗАЛЫҚТЫ ЖАНЫ СҮЙГЕН, ӨЗ ПІКІРІН АШЫҚ АЙТЫП, БАСШЫМЕН ДЕ, ҚОСШЫМЕН ДЕ СӨЗІ ЖАРАСҚАН АРДАГЕР АҒА БҮГІНДЕ 85 ЖАСТА.**

Сексен бес жасты еңсерген қаламгер Алматы облысының Іле өзені Балқаш көліне тақау сағасындағы Құйған ауылында дүниеге келді. Жастайынан жетім қалып, әжесінің қолында тәрбиеленді. Өмірдің тауқыметін көп көріп, белі қатпай еңбекке ерте араласты. Тапшылықтың тақсыретін тартқан кезеңін өзінің мына бір өлең жолдарында былайша баяндапты.

«*Қамыс күрке қалқайтып*
*ықтасынға,*
*Көзді уқалап, сүйеніп*
*жүк қасына,*
*Шәугім асып мосыға*
*телміргенмін,*
*Қиындықты ұғынар*
*ұқпасында*».

Оның балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Дей тұрғанмен жетімдіктің қиындығына мойымай, ілгеріге ұмтылған Әли ағамыз Құйған ауылындағы Бозжанов атындағы орта мектепті бітіріп, сол тұстағы «Жиделі» совхозында жұмысшы болып еңбек жолын бастады. Мектепте жүрген кезінен мақала жазып, Балқаш аудандық «Балқаш еңбеккері» газетінің редакциясына қызметке шақырылды. Әуелде әдеби қызметкер, одан кейін бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы міндеттерін атқарды. 1966 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетін ойдағыдай бітірді.

Бүгінде ағалық жастан аталық жасқа жетіп, ақсақалдық биікке көтерілген Әли Ысқабай еңбек жолында Қаратал, Көксу аудандарында газет редакторы, республикалық «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің Маңғыстау облысындағы меншікті тілшісі қызметін атқарды. Талдықорған облыстық «Октябрь туы» кейін «Жерұйық» деп аталған газетте редактордың орынбасары міндетін де табан аудармай жиырма жылға жуық істеді. Бұдан кейін Талдықорған облыстық Полиграфия өндірістік бірлестігінің бас директоры болып қызмет етті. Осы салада атқарған еңбек жолы жайында ақсақал былайша тебіренді.

– *«Полиграфия» өндірістік бірлестігін басқару жөнінен облыс әкімі ұсыныс жасағанда, бұрын етене араласпаған саланың өзіндік бүгесі мен шігесінің, құпиясы мен құз-қиясының, қалтарыстары мен бұлтарыстарының барлығын ескеріп, ойланыңқырап қалдым. Салмақ салып, сенім жүгін арқалатқалы отырған шақта бәлсінгім де келмеді. Ондағы ой – бұл саланы зоотехниктің де басқарғаны маған мәлім. Оған қарағанда істеген қызметім полиграфия мен баспахана өндірісінің жұмысына қатысты болған соң, көзтаныс үйреншікті кәсіп қой деген оймен, шын мәнінде сенім көрсетілсе, тапсырылған сала қызметін қолымнан келгенінше адал атқаруға бар күш-жігерімді, қабілетім мен біліктілігімді неге жұмсамасқа. Жауапкершілік жүгін иықпен көтеруден қалайша қаймығайын. Осылай жаңа сала өндірісінің орындығына отырдым*.

Жаңа жұмысқа жайғасқан соң ісін бірден кадрлармен танысудан бастайды. Алайда өндірістік бірлестіктің бас есепшісі Ю. Константиновнаның: «*Сіз жылы орыннан қозғалып, бекер-ақ келісім бергенсіз. Бұл бірлестік жуық шамада тарап кетуі де ғажап емес. Өзін-өзі сақтайтын қаражат табу қиындап барады*» деген сөзіне кәдуілгідей ойланып, уайымдап қалады. Әркімнен бір сұрастыра келе бірлестік аппаратының қызметкерлері екі-үш айдан бері мандырымсыз еңбекақысының өзін уақытылы ала алмай, іркіліс ілгегіне ілініп, ырғақтан ауытқып, шетке ысырылғалы тұрғанын, жағдайдың қиындығын, полиграфиялық жабдықтар мен техникалардың, оның ішінде газеттерді басатын үлгіні түсіретін пластинаның жоқтығын, бұрынғыларын қайта өңдеп, қалт-құлт күн көріп отырғандығын біледі.

– *Баспаханалардың қолдағы бар қоры таусылған, қағаз жоқ. «Офсет» баспаханасынан шығатын аудандық газеттер уақытылы басылмайды. Есеп-қисап жұмысының бланкілері мен басқа да заказдарды жасайтын цех үш айда 20 мың сомның жұмысын ғана істеген. Жұмыс жоқтықтан қаңтарылған машиналарды шаң басқан, бұзылған, тетіктері жетіспейді, күтімсіздік жайлаған. Істі ширатуды «Офсет» баспаханасындағы бланкі цехынан бастадық. Екі «Ромайор» машинасы жөнделініп, майланды, іске қосылды. Бір айда 40 мың сомның тапсырысын басып шығаруды талап еттік. Әбден жайбарақаттық пен жайбасарлыққа бойы үйренген цех мастері: «Сіз айтқан нысанаға қол жеткізу мүмкін емес, үш айда 20 мың сомның заказын әзер жасағанда, бір айда ол көрсеткішті үш есе арттыра орында деу зорлық» деп іске енжарлау кірісті. Бақылау күшейтілді. Тапсырма орындалды. Басқа да игілік көздері іске қосылды. Табыс молайды. Берілмей келген еңбекақылар төленді. Сыйлықтармен марапатталды. Тарифтік ставкалардың мөлшері көбейтілді. Еңбекке деген ынта артып, әркім өзі үшін қимылдай бастады*, – деген ол әңгіме желісінде сол кездердегі Қапал, Гвардия, Кербұлақ аудандарының баспаханалары жабылып, олардағы бар мүліктер ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп, жұрнағы да қалмағанын тілге тиек етсе, Алакөл, Бөрлітөбе, Үйгентас, Ақсу аудандарындағы баспаханалар таратылып, Сарқан аудандық біріккен баспаханасының филиалы ретінде қалдырылып, әркім өз тірлігін өзі қамдаған күй кешкенін де айтты.

Баспахана тірлігіндегі сүреңсіз күндерден сыр шерткен Әли аға : – *Бұлай қалдырсақ іс алға баспасы анық. Содан соң аудан әкімдерімен келісе отырып, әр ауданда дербес баспахана құрып, өзін-өзі басқаруға мүмкіндік бердік,* – деп әңгімесін жалғады.

– *Көксу аудандық баспаханасы Талдықорған сілтілі аккумулятор зауытына, Жаркент баспаханасы осы өңірдегі «Сералы» қожа шаруашылығына сатылып жіберіліпті. Бір жақсысы Жаркент баспаханасын қабылдап алу жөніндегі алыс-беріс актісі жасалмаған екен, соңына бір ай түсіп жүріп, әзер дегенде қайтарып алдық. Осы жерде Панфилов ауданының әкімі болған Әділшайық Ыбыраймолдаевтың баспаханаға оң көзқараспен қарап, демеушілік көмек көрсетіп, жаңа жобалы үш қабатты мекенжайдың бірінші қабатына қоныстануға тікелей қамқорлық жасағанын үлкен кісілік, әрі ізгілік белгісі болды*», – дейді ол.

Ағамыздың айтуынша, 1992 жылдың екінші жартысында облыстағы аудандық баспаханалар жүйесі соңғы он жылда алмаған полиграфиялық жабдықтар мен машиналарды зауыттардың өздеріне тікелей шығу арқылы қамтамасыз еткен. Атап айтқанда, Санк-Петербургтағы Ленинград полиграфиялық машиналар зауытынан КСМ маркалы тоғыз машина, осы машиналарға қажетті бес жүз мың сомның қосалқы бөлшектерін, Дағыстандағы «Қызылқұрт» зауытынан төрт баспа машинасын, Алматыдан үш осындай машина, барлығы жеті баспа машинасын, Мәскеу түбіндегі Дмитров зауытынан газет үлгісін көшіретін үш тонна дозакл пластинасын, үш тигль аппаратын, үш қағаз кесетін машина, үш компьютер сатып алынып, іске қосқан. Ескі құрал-жабдықтарды қосалқы бөлшектермен жаңартып, олардың да тоқтаусыз жұмыс істеуін қадағалау да күн тәртібіне қойылыпты. Нәтижесінде еңбек өнімділігі артқан. Мәселен, 1992 жылдың бірінші тоқсанында өндірістік бірлестігіне қарасты «Офсет» баспаханасы 220 мың сомның өнімін таратса, одан кейінгі жылдың бірінші тоқсанында көрсеткіш бірнеше есе өсіп, 568 мың теңгеге жеткен.

1992-1999 жылдар аралығында «Алатау» баспа полиграфиялық корпорациясы кәсіпорнының Талдықорған облыстық «Полиграфия» өндірістік бірлестігінің бас директоры болған тұстағы еңбек жолы туралы әңгімелеген аға өндірістегі еңбек өнімін еселеп арттыру баспахана жұмысшылары белсенділігінің нәтижесі екенін де баса айтты.

* * *

Жаны әділдік пен адалдықты сүйетін, жалғандықты, жалалы сөз айтқанды жақтырмайтын кейіпкеріміз қол астында жұмыс істеген жұмысшыларға қамқорлық танытуда да еш аянып қалмапты. Өндірісте жұмыс істеген 16 жұмысшыға бірлестіктің таза пайдасы есебінен ешқандай да проценттік

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

## МЕРЕЙ

өсімсіз несие ақша бөлініп, біріне үй, екіншісіне пәтер сатып беріпті. Осылай бір жылда алты отбасы баспаналы болып, оларға 176 мың теңге таза табыс есебінен несие берілген. Осы бір қуаныштың иесі болған аға-апайлар өткен күндерін еске алып, аса бір ыждағаттылықпен әңгімелеп берді.

**Бақыт САТЫМБАЕВА, «Офсет» баспаханасының кадр бөлімінің меңгерушісі**:

*– 1988 жылы Талдықорғандағы қалалық «Офсет» баспаханасына төрт қыз келіп, үш ай тәжірибеден өттік. Үш айдан соң екі қызды жұмысқа алды. Соның бірі – мен. 1992 жылы Талдықорған облыстық «Полиграфия» өндірістік бірлестігінің бас директоры болып Әли Ысқабай тағайындалды. Аудан, қалалардағы баспаханалардың бәрі осы бірлестіктің құрамына кірді. Соның ішінде «Офсет» қалалық баспаханасы да бар. Ал біздің директорымыз Мақсатбек Сандыбаев болды.*

*Біз төрт қыз болып жалдамалы үйде тұрдық. Үшеуміз баспа өндірісінде еңбек етсек, тағы бір қызымыз балабақшада жұмыс істеді. Жалдамалы үйде заттарымыз жоғала бастады. Бірде аяқ киімнен, тағы бірде далада жайылып тұрған киімдерімізге дейін ұрлайтынды шығарды. Жұмыстан үйге келген сайын бір затымыздан айырылып қала беретін болдық. Бірақ ұрыны қолға түсіре алмадық. Осы жайттан кейін Әли ағаға кіріп, жағдайымызды айтып, жатақхана беруін сұрадық. Зәуре екеуміздің сөзімізге орай ағаның айтқаны әлі күнге дейін жадымда. Біздің жалдамалы үйде тұратынымызды естіп: «Сендер пәтер жалдап тұрасыңдар ма? Бұл жайтты маған басшыларың айтпады ғой. Мен бұдан бейхабармын. Біздің қазақ қыздарының орыстың үйін паналап жүргені несі» дей келе: «Жақсы, сендерге проценттік өсімсіз несие ақша беру арқылы баспаналы болуға көмек беремін. Бірақ бәріңе бірден емес, кезекпен аласыңдар. Үшеуіңнің ішінде қайсыңның еңбек өтілің көбірек, соған үйді бірінші аламыз» деп жабыққан көңілді көтеріп тастады. Осылай шамамен 250 мың сомның айналасында үй іздеуге көштім. Қаладағы орталық «Фиалка» аялдамасы маңында арнайы хабарландыру тақтасы болатын. Сол жерден сатылатын 7 үйдің мекенжайын жазып алып, құрбым Ләтипа екеуміз аяғымыз талғанша барлығына барып, көріп шықтық. Бірақ оған ақшамыз жетіңкіремейтіндіктен, ең соңғы «Газета Правда» (қазіргі «Рүстембеков») көшесіндегі үйге бару ғана қалды. Ертеңнен кешке дейін үй таппай сенделген мен құрбыма «шаршадым, болды, қайтайық» дедім. Ол болса: «Соңғы үй ғана қалды ғой. Бара салайық» деп болмай қойды. Сөйтіп барып, көрдік. Шағын ғана үй екен. Құрбым бөлмелерді аралап көріп, алуға болады деді. Сұраған бағасы да 250 мың сом. Әли ағамыз сөзінде тұрып, мен баспаналы болдым.*

*Менен кейін Зәуре алу керек еді. Бірақ ортасында бізге Моңғолиядан отбасымен көшіп келген Бушин атты азаматқа үй алып берді. Содан кейін 1993 жылы Зәуре үй алды. Қысқасы баспаханада жұмыс істеген біраз адамның баспаналы болуына себепкер болды.*

*«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, Әли ағаның бізге жасаған жақсылығын еш уақытта естен шығарған емеспін. Дана Абай атамыз: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» демей ме? Әли ағаның бойынан тура осы үш қасиетті көремін. Өз ортасына сыйлы бола білген аяулы ағамыздың амандығын тілеймін!*

**Зәуре ТАЧЕНОВА, «Офсет» баспаханасының түптеу цехының түптеушісі:**

**–** *Баспаханаға 1988 жылы жұмысқа тұрдым. Содан бері бір жерде тапжылмай еңбек етіп келемін. Ал Әли ағаның баспахана жұмысшыларына жасаған жақсылығы туралы айтсам... Ол кезеңде баспанаға қол жеткізу әркімнің бір арманы еді. Біз жалдамалы пәтерде, орыстың жер үйінің бір бөлмесінде төрт қыз тұрдық. Әли ағаның арқасында жұмыстан проценттік өсімсіз несие ақша беру арқылы үйге қол жеткіздік. Алдымен Бақытқа үй алып, бір жылдай сол үйде біз тегін тұрдық. 1993 жылдың жазында жұмыстан берілген 1,5 миллион соммаға «Желтоқсан» көшесінен жер үй сатып алдым. Менен кейін Гүлшат, Баршагүл, Зылиха, Айнаш, Ерлан, Мая тағы басқа да жұмысшылар баспаналы болды.*

*Әли ағаның арқасында алған баспанам құтты болып, бір жылдан соң тұрмысқа шығып, екі баланың анасы атандым. Қазіргі күні сол шаңырақта бала-шағаммен тату-тәтті ғұмыр кешіп, келін түсіріп, немере сүйіп, апа атанып отырған жайым бар.*

*Өзінің емес, өзгенің жайын ойлаған Әли ағамыздың бізге жасаған жақсылығын ешқашан ұмытпаймын. Үндемей жүріп үлкен іс тындыруға бейім ағамызға көрер қуанышыңыз көп болсын деймін. Аман болыңыз, жақсы аға!*

**Ерлан ШОМБОЛОВ, «Офсет» баспаханасының аға баспагері**: – *Алғашында аккумулятор зауытында жұмыс істедім.1993 жылы баспаханаға қосымша жұмысқа тұрып, Әли ағамен таныстым. Алғашқыда газетораушысы болып жүрдім. Содан көмекшілікке ауыстым. 1994 жылы қазіргі «Офсет» баспаханасының қазіргі ғимаратына қоныс тептік. Әли Әпекұлының басшылығымен осындағы цехтың ішіне жөндеу жұмысын жүргіздік. «Офсет» баспаханасы үшін кең қағаз сақтайтын қойма, қазіргі баспа машинасы орналасқан кең құрылыс алаңы салынды. Ол кез жұмыстың қобыраған шағытын. Қаражат тапшы кез еді. Салынып жатқан құрылысты көрген облыстық Өнеркәсіп орындары қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Ораз Құлмағанбетов: «Ел бар құрылысты бұзып талқандап жатқанда, сендер қалайша құрылыс салып жатырсың деп таңданып еді. Мұның бәрі Әли ағаның бастауымен болған шаруа ғой.*

*Ағамыздың арқасында үйлі болдық. 1997 жылы Әли ағаға баспанамның жоқтығын айтып едім, ол кісі «алдымен үйлен, сол кезде үйіңді де алып береміз» деді. Мен болсам «бірінші үйімді алайын, сосын үйленемін ғой» дедім. «Азаматтық сөзіңде тұрасың ғой» деп менен қайтара жауап алып, үй алып беретін болды. Осылайша қаладағы «Жас талап» көшесінен жеке тұрғын үйге қол жеткіздім. Сол жылдың жазында үйлендім. Әли аға үй ғана алып берген жоқ, үйлену тойымның өтуіне де мұрындық болып, заттай да, ақшалай да көмек берді. Бір сөзбен айтсам, ағамыздың арқасында үйленіп,*



*үй болдық десем болады. Қазірге дейін баспаханада отыз жылдан аса еңбек етіп келемін. Енді осы жерден зейнетке шығу бұйырсын деймін.*

*Әли Әпекұлының көмегімен баспаханадағы үйсіз жүрген жұмысшылар баспаналы болды. Өмір-жолымда осындай басшының қол астында жұмыс істегеніме ризамын. Бүгінде ақсақалдық жасқа жеткен ағамызға Алла ұзақ ғұмыр берсін деп тілеймін.*

Кішілігі мен кісілігі басым Әли Әпекұлының сөзінше, ол кезде газет материалдары линотип арқылы ерітілген қорғасынмен терілген. «*Оргтехника атымен жоқтын қасы болды. Сол шақта арнайы компьютер сатып алып, оны үйрену үшін жаңадан мектепті бітірген Айнаш атты бойжеткенді жұмысқа қабылдап, Алматыдан компьютердің тетігін білетін адамды арнайы шақыртып, бір аптадай қызымызға үйретті. Осылайша газет материалдарын компьютермен теруді меңгеріп, кір-қожалақ жұмыстан арылып, тазалыққа бет бұрдық*», – дейді қаламгер аға.

Жалпы баспа ісі адамның рухани дүниесін байытатын тасқа басқан тарих десек, артық емес. Осы салада жеті жыл бойы жемісті еңбек еткен Әли Ысқабай көпшіліктің құрметіне бөленіп үлгерді.

Бұдан кейінгі жылдарда Алматы облыстық «Жетісу» газеті редакторының бірінші орынбасары және «Алатау» газетінің бас редакторы міндетін де атқарды. Қаламгер ағаның шығармашылық саладағы жемісті қызметі де ескеріліп, тиісті орындардан лайықты бағасын алды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1989 жылға 24 мамырдағы Жарлығымен «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» атанып, Алматы облыстық Мәслихатының шешімімен Алматы облысы мен Балқаш ауданының Құрметті азаматы атағының иегері. Есімі «Жетісу элитасы» кітабына енгізілген. «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» және «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 25 және 30 жыл», «Қазақстан ардагерлер ұйымына 30 жыл» мерекелік медальдарымен, сондай-ақ 2018 жылғы 30 сәуірдегі Жарлығымен Ресей халықтық комитетінің «Польза честь и слава» орденімен, Алматы облысы әкімдігі мен басқа да қоғамдық ұйымдары тарапынан көптеген Құрмет грамотасымен, дипломмен, Алғыс хаттарымен марапатталды. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылары мен Журналистер одақтарының мүшесі. Қазақстанның Құрметті журналисі атағын иеленген қаламгер.

Қарымды қаламгер сөзстан сапарын шарлаумен өткізген алпыс жыл ішінде жиырмаға жуық әдеби кітапты шығарып, оларды оқырмандар жылы қабылдады. Мерзімді басылымдарда істеген жылдары жазған ойлы очерктері мен өмірдің өзекті мәселелерін көтерген көркем сөздерден тұратын «Қаратал қыраны», «Әубәкіровтер әулеті» эсселері, «Қызылжардың қызғалдақтары» атты деректі көркемсөз кітабы жарық көрді. Сонымен бірге екі мәрте Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов туралы «Шынайы шындық» деректі кітабын және «Шаған шапағаты» жинағын құрастырды. Кеңес Одағының батыры жетісулық Мұсабек Сеңгірбаев туралы «Мұзбалақ Мұсабек» атты кітабын шығарды. Ол көркем әдебиет саласында да табысты еңбек етіп келеді. Проза саласы бойынша жарық көрген «Тайқасқа» («Балауса» баспасы), «Бейтаныс қыз» («Санат» баспасы,) «Жәлменде-Пышан» («Атамұра» баспасы), «Ана алақаны» («Арыс» баспасы), «Жетісу таңы» («Алтал» баспасы), «Уақыт уысында» және «Зейіні зерек зиялылар» кітаптарының, «Тіл мен сөз» («Дәуір» баспасы), «Ойлы сөздің оғашы жоқ» мақал-мәтелдер жинақтары оқырмандарға ұсынылды. Мұнымен қатар балаларға арналған «Менің інім» («Жазушы» баспасы), «Солдат ағаға хат» («Жазушы» баспасы), «Еңбекқор құмырсқа» («Жалын» баспасы), «Бесік жыры» («Атамұра» баспасы), «Айдостың арғымағы» («Дәуір»), «777 жұмбақ» пен «Әліппе-жаңылтпаштар» («Дәуір» баспасы) кітаптары жарық көрді. Автордың мектеп оқушылары тарапынан үлкен сұранысқа ие болған «777 жұмбақ» кітабы алғашқыда «Ана тілі» баспасынан 1994 жылы 38 мың таралыммен басылып шығып, сұраныстардың көптеп түсуіне байланысты осы баспадан 2002 жылы 5 мың таралыммен екінші рет басылып шықты. Бір жылдан кейін, үшінші рет үш мың данамен жарық көрді. Ал 2008 жылы «Дәуір» баспасынан он мың данамен оқырмандарға тағы да ұсынылды. Осы баспадан 2010 жылы балалардың тілін ұштартуға арналған «Әліппе-жаңылтпаштар» кітабы шықты. Сонымен бірге «Жұбайым», «Жетісу таңы» атты кітаптарында қаламгер ақынның сөздеріне жазылған көрнекі және әуесқой сазгерлердің шығарған әндері топтастырылды.

Қаламын өмірлік қаруы еткен қаламгер ағамызға еліңіздің қадірлісі, ұрпағыңыздың ұйытқысы болып аман-есен жүре беріңіз дейміз.

**Сарби ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ**

**Бексұлтан НҰРЖЕКЕҰЛЫ, жазушы: «***Өткен ғасырдың сексенінші жылының басында өз туған өлкем, сол кездегі Талдықорған облысы жайында тарихи-танымдық бір кітап жазғым келді. Өйткені, шығыстағы үлкен көршіміз үнемі «Балқашқа дейінгі жер ежелгі біздің жер» дегенді айта да беретін, жаза да беретін. Олай емес, ол араның ежелден қазақ жері екенін дәлелмен жазғанды жөн көрдім. Сол кезде Қуаныш Сұлтанов Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі еді, ойымды оған айтып ем, қуана құп көрді де, дереу сол облысты бақылап отыратын азаматқа тапсырды. Соның арқасында Талдықорған облысына қарасты аудан басшылары бірінен кейін бірі мені қолға тигізбей қағып алып отырды. Ал облыстық партия комитеті қасыма облыстық газет бас сарапшының орынбасары болып істейтін Әли ағаны қосты. Біз екеуміз бір-бірімізді оған дейін де білетінбіз, оған дейін де сыйласып жүретінбіз. Бірақ ұзақ уақыт бірге болып, бірге жүріп рахаттанғанымыз осы ғана еді. Өзі бастық, өзі ақын бола тұрып, дәл Әлекеңдей сыпайы жүретін, дәл ондай өз орнын кез келген жерде білетін, артық сөз айтпайтын, өрескел қылық жасамайтын жайсаң адамды сирек кездестірдім. Кейде тіпті, қасыңда бар екенін де білдірмейді. Алайда, сөз кезегі, өз кезегі келгенде, сөзден де, істен де тосылмайды. Асып сөйлеп, астамшылық та жасамайды, тасып сөйлеп, тасырлық та көрсетпейді. Бейне бір мен аға да, ол інім секілді. Қонақ боп көсіліп, есіліп отырғанда да сол қылығынан бір жазбайды. Табиғатына біткен тамаша мінезі екен. О кісі өз жағдайынан бұрын жанындағы адамның жағдайын ойлайтын адам екен. Әркімнің ондай ағасы бар шығар. Бәлкім, көп те шығар. Мен бірақ ағаларымның ішінде Әлекеңді айрықша бөліп, ерекшелеп айтам***».**

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАКОН

***ДЕПУТАТ ЕКАТЕРИНА СМЫШЛЯЕВА В КУЛУАРАХ МАЖИЛИСА 15 МАЯ ОТВЕТИЛА НА ВОПРОС, ЗА КАКИЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ МОГУТ ЛИШИТЬ ПРАВ ВОДИТЕЛЕЙ МОПЕДОВ, СООБЩАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ ZAKON.KZ.***



# ЗА ЧТО БУДУТ ЛИШАТЬ ПРАВ ВОДИТЕЛЕЙ МОПЕДОВ

Екатерина Смышляева отметила, что теперь мопеды приравняли к транспортным средствам и к ним будут применяться такие же санкции.

Журналисты уточнили, будут ли лишать прав водителей мопедов за езду в нетрезвом виде.

«Теперь будут. Если сейчас человек будет передвигаться на мопеде в алкогольном опьянении, то он будет отвечать за то, что употреблял напитки в общественном месте. Статья такая есть. Как только вступят в силу нормы, которые предлагаются, он становится полноценным водителем транспортного средства и отвечает по статье “Вождение в нетрезвом виде” ,ответила депутат.

Она подчеркнула, что будет вплоть до уголовной ответственности.

«Это справедливо, они такие же участники дорожного движения. Для многих сейчас мопеды стали некоторым выходом. Если ты планируешь употребить спиртные напитки, то можешь передвигаться на мопеде, и тебе, по идее, за это ничего не будет. Это неправильно, потому что человек за рулем мопеда такой же участник дорожного движения, он должен быть сконцентрированным, иметь трезвый ум, как и любой другой водитель», - дополнила Смышляева.

15 мая депутаты Мажилиса на пленарном заседании приняли во втором чтении поправки в закон «О дорожном движении», ужесточающие требования для водителей мопедов, и сопутствующие к нему поправки в Кодекс об административных правонарушениях.

НАРКОТИКИ

# МВД ОБРАТИЛОСЬ К КАЗАХСТАНСКИМ РОДИТЕЛЯМ

**С начала 2024 года 19 несовершеннолетних задержаны полицией за участие в распространении наркотиков. Об этом Zakon.kz сообщили в пресс-службе Министерства внутренних дел Казахстана.**



Начальник департамента — официальный представитель МВД ШынгысАлекешев уточняет, что, несмотря на осведомленность подростков о правовых последствиях сбыта или рекламы наркотиков, это не всегда удерживает их от участия в незаконном обороте запрещенных веществ.

«В преддверии каникул МВД призывает родителей стать максимально вовлеченными в жизнь своих детей, так как роль семьи в формировании антинаркотического иммунитета ребенка — это самое важное. Нужно знать окружение своих детей, контролировать интернет-ресурсы, которыми они пользуются», отметил Шынгыс Алекешев.

Необходимо обращать внимание в вещах подростка на упаковки от любых медицинских препаратов, фольгу, стеклянные трубки, пипетки. Все это может служить приспособлениями для употребления синтетических наркотиков.

«Родителей должно насторожить, если у подростка резко снизилась успеваемость, увеличилось количество прогулов, сменился круг общения. Косвенными признаками употребления наркотиков также могут быть агрессия, перепады настроения, раздражительность, вялость, апатия. Только совокупность трех или более факторов может указывать на то, что ребенок находится в группе риска. Опасение должен вызвать расход денег или, наоборот, их большое количество», пояснил Шынгыс Алекешев.

Кроме употребления наркотиков, ребенка могут вовлечь в их распространение, привлекая быстрым заработком.

«Подозрение должно вызывать, если у ребенка в телефоне либо мессенджерах появились метки с геолокациями, фотографии с возможными местами закладок, рисунками-штампами на стенах домов или столбах. Или записки с номерами телефонов, ссылками на сайт или набором цифр, а также свертки в изоленте с неизвестными веществами. Напоминаем, уголовная ответственность за наркопреступления наступает с 16 лет», заключил Шынгыс Алекешев.

ТРИБУНА СПЕЦИАЛИСТА

# КОМПЛЕКСНОЕ СУДЕБНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ

## одежды пешехода в раскрытий дорожно-транспортных преступлений

***В условиях избытка транспорта, нарушения Правил дорожного движения водителями ТС и пешеходами, отсутствия должной инфраструктуры в населенных пунктах, должного контроля на дорогах наблюдается рост дорожно-транспортных происшествий, таких как наезд на пешеходов. Дорожно-транспортное происшествие, происходящее, как в условиях неочевидности, так и очевидности, характеризуется динамичностью и скоротечностью (мгновенностью) протекающего события, что не позволяет зафиксировать все детали произошедшего события глазами очевидцев и участников события.***

Данное обстоятельство явилось причиной поиска и разработки новых подходов для выявления всех элементов механизма события происшествия, соответствующего структуре предмета доказывания, и в целом для успешного расследования и раскрытия автодорожных преступлений, особенно спорных вопросов при решений задач для установления направления движения, положение тела пешехода, направления движения транспортного средства в момент дорожно-транспортного происшествия наезде автотранспортного средства на пешехода, а иногда и определение очередности причинения повреждений в случаях дорожно-транспортных происшествий с участием нескольких автотранспортных средств.

При проведении экспертиз, связанных с наездами на пешеходов, рассматриваются различные типичные ситуации: наезд на пешехода с последующим отбрасыванием, наезд на пешехода с последующим отбрасыванием и ударом о неподвижное препятствие, наезд с последующим переездом, наезд с последующим переездом другими транспортными средствами и др. В зависимости от ситуации каждая фаза характеризуется своим комплексом признаков, проявляемых в следах, повреждениях на теле, одежде, обуви, ТС и деталях, оставленных на месте происшествия.

Согласно утвержденным Методикам МЮ РК, данные случаи должны исследоваться комплексно, с участием экспертов не только медицинского профиля, но и с привлечениемспециалистов в области судебно-транспортно-трассологического исследования, судебно-материаловедческого исследования, судебно-трассологического вида исследований с обязательным предоставлением на экспертизу одежды, обуви пешехода и транспортных средств.

Однако, по различным причинам в виду непредоставления вещей (по причине утери, несвоевременного изъятия и других случаевдр.) при решений поставленных перед экспертом задач при производстве судебно-медицинских исследований, возникают определенные трудности, для возможности определения направления движения движущегося транспортного средства, направления и положения пешехода в момент дорожно-транспортного происшествия, и так же необходимости определения очередности наезда на пешехода в случаях участия в дорожно-транспортном происшествий нескольких автотранспортных средств.

Как известно, в специальной литературе, одним из характерных признаков первичного контакта - удара автомобилем считается бампер-перелом бедренной или берцовых костей. По его конструктивным особенностям судят о направлении движения автомобиля в момент столкновения с пешеходом, так как считают, что он образуется только от прямого воздействия травмирующей силы, а по локализации — о высоте расположения бампера, что имеет значение в установлении вида автомобильного транспорта.

В доступнойспециальной литературе имеется достаточных сведений о том, что переломы нижних конечностей по типу бампер-перелома могут возникать не только от прямого воздейст¬вия, но и вследствие удара бампером в участок конечности, отстоящий на некотором расстоянии выше или ниже его.

Данные переломы как правило возникают в случаях нахождения человека в вертикальном положении. Как же определить очередность наезда транспортными средствами без предоставления на экспертизу одежды пешехода,в случаях если имело место участие в дорожно- транспортном происшествий нескольких автотранспортных средств и то, что пешеход как после первичного контакта, так и после него, мог находиться как в вертикальном, так в горизонтальном положений на проезжей части дороги.

По литературным данным исследований (С.Н. Козлова, Юрасов А.Г.) у определенной категории пострадавших лиц (у пешеходов) после первичного контакта были выявлены переломы бедренных костей по сгибательному типу углом, открытым в сторону, диаметрально противоположную той, по которой был нанесен удар бампером автомобиля. Детальное изучение всех повреждений конечности и анализ обстоя¬тельств происшествия и исследование всех вещей пешехода, позволили сделать правильный вывод как о месте первичного удара бампером и направлении движения автомобиля, так и о механизме образования непрямого или, как мы предлагаем назвать, «ложного» бампер- перелома.

По данным исследований (Е.Р. Сухомлиновой, Ю.М. Охват) указанных в доступной специальной литературе, установлен так же дополнительный диагностический признак, который в случаях столкновения пешехода с автомобилями, имеющими вагонный тип кузова, или с современными легковыми автомобилями с гладкими обтекаемыми капотами и пластиковыми передними бамперами, дает возможность определить по характерным повреждениям (кровоизлияниям) со стороны внутренних органов, о положений тела пешехода в момент первичного контакта – соударения с движущимся автотранспортным средством.

Однако, полностью и достоверно определить механизм возникновения повреждений на теле пешехода в случаях дорожно-транспортного происшествий, особенно с участием нескольких автотранспортных средств без предоставления и исследования одежды пешехода,только лишь по дополнительным диагностическим признакам бывает затруднительно, так как только на наружном слое одежды и обуви могут оставаться пылепочвенные наслоения, следы от краски деталей автотранспортных средств и другие контактодинамические следы,которые могут позволить решить ряд вопросов возникающих у органов дознания перед судебными экспертами.

На оснований вышеизложенного, только лишь объязательное предоставление на экспертизу одежды и обуви пешехода, с последующим комплексным исследованием повреждений на автотранспортных средствах, и их совокупной оценкойю обнаруженным следам и повреждениям, позволит решить конкретные задачи поставленные перед судебными экспертами в помощь правоохранительным органам,в раскрытий дорожно-транспортных преступлений при расследований материалов, как административного, так и уголовного дел.

**А. НУРЖАНОВ,**
**судебно-медицинский эксперт лабораторий ИСЭ по области Жетісу.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЗЫНА

# ЖҰМЫЛА ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ КЕРЕК

**Қазақстан Республикасында Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында елімізде тұратын халықтар тілін сақтай отырып, мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары, мемлекеттік қызмет және қоғамдық-саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саланың барлығында қолданысқа енгізу және өмірлік қажеттілікке айналдыру бағытында айтарлықтай жұмыстар атқарылу үстінде.**

Осы орайда мемлекеттік органдарда, соның ішінде, соттарда қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту жолында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Айталық, Тіл туралы заңның 4-бабына сай шығыс және ішкі құжаттар мемлекеттік тілде тіркеліп, хат-хабар қазақ тілінде алмасылуда. Сонымен қатар, Жоғарғы Сот шешімдер мен үкімдерге, яғни, сот актілеріне қойылатын тілдік талаптарды күшейтті. Сот тіл заңдылықтарының сақталуына кепілдік беріп қана қоймай, мемлекеттік іс жүргізуді сапалық белеске көтеруге бағыт алып отыр. Бұл тұрғыда сот қызметкерлерінің бәрі осы мақсатта жұмыла қызмет істеуде.

Мына бір мәселеге де назар аударған жөн. Тіл туралы заңмен сот ісінің мемлекеттік тілде жүргізілетіндігі нақтыланғанымен, ол деңгейге жете алмай жатырмыз. Сот ісінің толықтай мемлекеттік тілде жүргізілмеуінің өзіндік себептері бар. Мысалы, Азаматтық процесуалдық кодекстің 14-бабында азаматтық істер бойынша сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілетіні, қажет болған жағдайда орыс немесе басқа тілдер қолданылатыны көрсетілген. Яғни, ел заңнамаларына сәйкес, сотқа арыз-шағым қай тілде түссе, іс сол тілде қаралады. Дей тұрғанмен, мемлекеттік тіл қолданысының кеңеюіне азаматтар мүдделілік танытса нұр үстіне нұр болар еді. Сотқа талап арыздар мемлекеттік тілде түссе, ол міндетті түрде осы тілде қаралады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында ел көңілінен шыққан жағымды жаңалықтың бірі – мемлекеттік тілге қатысты болды. Мәселен: *«Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келді деп есептеймін. Бірақ, мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек»*, – деп атап көрсеткен болатын Президент. Сондықтан, жұмыла көтерген жүк жеңіл дегендей, бұл маңызды мәселені көп болып қолға алсақ, жақсы нәтижеге жетуге болары талассыз.

**Дастан ТҰТҚАБЕК,**
**Алматы облысы МАЭС бас маманы-сот отырысының хатшысы.**

# АРЫЗ–ШАҒЫМДАР МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ТҮССЕ...

***Кеңес дәуірі күйреген соң Тәуелсіз республикамыз еншісін бөліп алып шыққалы бері қазақ тілі мемлекеттік тіл тұғырына қонғаны баршамызға белгілі. Дегенмен, көп ұлттың отанына айналған елімізде мемлекеттік тілді бірден түгелдей меңгеріп кету мүмкін емес екені де түсінікті жайт. Әйткенмен, өзге ұлттың өкілдерін қоя тұрып, ұлты қазақ бола тұра ана тілін білмейтіндердің күні бүгінге дейін арамызда аз емес екенін көргенде қатты қынжыласың.***

Мұндай жағдайды әсіресе сотқа жүгініп келген адамдардың арыз шағымдарын қабылдаған кезде жиі кездестіресің. Мәселен, сотқа шағымданып келген азамат өзі қазақша сөйлесіп тұрса да арызын орысша жазып өткізеді. Сонда «Неге қазақша жазбайсыз?» деген сауал қойсаңыз әртүрлі жауаптар естисіз. Біреулері мектепті орысша бітіргендіктерін, қазақша ауыз екі сөйлесем де, жазуға келгенде грамматикалық қателер жіберіп алатынын айтып жатса, екіншілері, бұл арызды оған жалдаған өкілі жазып бергенін алға тартады. Ал, сұрастыра келе әлгі арыз беріп отырған адамның өзі орыс тілін жөнді білмейтінін, сот отырысына аудармашының көмегі қажет болатынын, орысша жазып берген заңгерінің өзі де қазақ азаматы екенін естіп-білгенде өкіністен өзегің өртенеді. «Ендеше қазақша білетін заңгерге жүгінбедіңіз бе?» дегенде, *«қайдан білейін мән-жайды сұрағанда менімен қазақша сөйлесіп, қабылдаған соң қазақша жазатын шығар деп ойладым. Жазып болған соң ғана орысша екенін білдім, сосын не жазғанын оқып берді де қолыңызды қоя салыңыз деді. Сосын, сотта тегін аудармашы көмектесетінін айтты, оның үстіне алдын ала келісіп қойған соң, тағы қайдан іздеп жүрем заңгерді деп ойладым да көндім»*, – деп ағынан жарылып жатады...

Міне, осы бір олқылықтың өзі мемлекеттік тілде қаралатын сот процестерінің санын арттыруға қолбайлау болып отырғаны айдан анық. Қарапайым халықтың заң тұрғысындағы сауатының төмендігіне байланысты заңгерлер мен қорғаушылардың айтқанына көніп, айдағанына жүруінің салдарынан көптеген істерді қарауға аудармашылар тағайындалып, тіптен білікті аудармашылар табудың өзі қиынға соғып, істердің қаралуы созбалаңға салынып жүрген жағдайларға әкеп соғып жататыны құпия емес. Өйткені, заң талабы бойынша арыз шағым қай тілде берілсе сот отырысы сол тілде өткізіледі. Сондықтан арыз-шағым берушілер өз құқықтарын дұрыс пайдаланып, сотқа жүгінгенде өздері меңгерген қазақ тілінде жазса, онда сот талқылауы да сол тілде, яғни, мемлекеттік тілде жүргізілетінін мықтап есте сақтағандары жөн.

**Бақыткүл МАДЫБЕКОВА,**
**Текелі қалалық соты әкімшісінің басшысы.**

ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

***Жоғарғы Сот қарапайым халық үшін сот жүйесінің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін жылдан жылға заманауи технологияларды сәтті енгізіп, жүзеге асырып келеді. Сот жүйесінің ашықтығы мен жариялылығының дәлелі ретінде қазіргі таңда «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті», «Үн-бейне жазба құралын қолдану» тетіктерін тәжірибеде қолданада.***

# АШЫҚТЫҚ ПЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ҮШІН

«Төрелік» – бұл сотта қаралатын істердің бірыңғай ақпараттық жүйесі. Ал, Сот кабинеті - бұл электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналатынын, сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған. Осы сервистің негізгі ерекшелігі азамат, оның адвокат тұлғасындағы өкілі немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ Интернет желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ істегі мәртебесін қарай алады және сот актісін басып шығара алады. Жоғарғы Сот ұсынатын электронды қызмет түрлері бұлармен шектелмейді. Халық үшін тиімді жобалардың қатарында сот практикасының қорытулары мен сот актілері дерекқорын, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын пайдалануға мүмкіндік беретін «Талдау» форумын, сотқа талап арыз, апелляциялық, кассациялық өтініш хат беру кезінде мемлекеттік баж салығын төлеуге арналған «Электронды үкіметтің төлем шлюзі» тағы басқалары бар.

Ал сот жүйесінің ашықтығын жүзеге асыру мақсатында барлық соттарға қаралатын істерді үн-бейне жазба құралы арқылы, ал мүмкін болмаған жағдайда – үн жазба құралын жасақтау міндеті қойылғандығын баса айтып өту керек. Кез келген сотта қаралған іс үн-бейне жазба құралымен жасақталады. Оны өзгертуге ешкімнің құқығы жоқ, оның ішінде судья да оған өзгертулер, түзетулер енгізе алмайды. Жазылған бейне дыбыспен тыңдалып, көзбен көрініп тұрады. Сондай-ақ, жергілікті соттар осы жазба құралы арқылы қаралған істердің есебін беріп отырады. Бұл өз кезегінде сотқа жүгінген азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін шынайы қорғаудың сапасын одан әрі арттыра түсері анық.

Жалпы алғанда, сот жүйесінде жаңа ақпараттық технологияларды енгізу бағытында белсенді және ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Оның нәтижесі қазір анық көрінуде. Бұл сот жұмысының ашықтығын қамтамасыз етіп, қызметті қолжетімді ете түсті және жұмыс жеделдігі де айтарлықтай жақсарды. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

**Анар ТОХТЫБАКИЕВА,**
**Алматы облысы Іле аудандық сотының судьясы.**

ҚОРШАҒАН ОРТА

# ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ – ӨЗ ҚАУІПСІЗДІГІҢ

***Тілсіз келіп, тұтқиылдан тап беретін өртті алдын ала болжап білу мүмкін емес. Адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және материалдық құндылықтарға орны толмас зиян келтіретіні барлығымызға айдан анық. Әсіресе, дала және орман өртінің қаупі жоғары.***



Өрттің артында адам және табиғат тағдыры тұр. Орман мен дала өрттеріне далада жатқан шыны, сынық әйнектердің қызуы, жол бойындағы автокөліктерден өшірілмей лақтырып кеткен темекі тұқылдары, шөп ору жұмыстарына қатыстырылатын тракторлар мен агрегаттардың жарамды өрт өшіргішпен жабдықталмауы, аңшылықтың салдары, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге от жағуы, егістік орнын өртеуі себеп болуы ықтимал.

Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан, оған жол бермеудің алғышарттарын қатаң сақтау қажет. Қас қағым сәтте қалың орманның өзін күлге айналдырып жіберетін өрттің адам өміріне, табиғатқа, орман-тоғайларда тіршілік ететін аң-құстардың және олардың ұяларының жойылуына қаупі басым.

«Қазақстан Республиканың ормандардағы өрт қауіпсіздігі» ережесіне сәйкес, жас ағаштар, қураған шөпті жерлер маңайына от жағуға тыйым салынады. Өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамаған кінәлі тұлғалар жасаған құқық бұзушылығының ауырлығына сай Қазақстан Республикасының заңнамаларына, яғни Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы және қылмыстық кодекстеріне сәйкес тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылады.

Орманды өрттен қорғау – әрбір адамның міндеті.

**Айдар НҰРАЛИНОВ,**
**Қаратал орман шаруашылығының орман күтушісі.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

# БОЙЫНА ӘН ҚАЗЫНАСЫН ЖИНАҒАН



## ардагер ұстаз туралы бір үзік сыр

***О, өмір, Жан – өмір, нұр – өмір!***
***Ән – өмір, күй – өмір, жыр – өмір!***
***О, сорлы табиғат, шіркін-ай,***
***Адамға қисаңшы мың өмір* – деп тарихи тұлғаны қорғаштай араша түскен кейіпкер бейнесін сипаттаған адуынды ақын М. Мақатаевтың қаламынан туған осы жолдарға лайық жандар өмірде баршылық. Солардың бірі – өмірі ән-күйге, жырға толы, нұрлы ғұмырын саз өнерімен байланыстырып, университет қабырғасында бастапқыда студент, кейіннен табиғат берген қабілетінің арқасында 40 жылдай ұстаздық қызмет етіп келе жатқан ардагер ұстазымыз, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессорымыз Жұматай Таубалдиева. Биыл ардагер ұстазымыз 75-ке толып отыр.**

Педагогикалық институттың мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу методикасы кафедрасында оқытушы болып жүргенімде, 1987 жылы «Бастауыш мектеп» журналының 3-ші нөміріне «І.Жансүгіров шығармаларымен таныстыру» аталымымен тұңғыш мақалам жарық көрді. Сол журналда талдықорғандық әдіскер мұғалім Жұматай Шомкенқызының мақаласы көзіме оттай басылды. Мақалада ән-күй сабағын өткізудің әдіс-тәсілдері сипатталып, бастауыш мектепке арналған сабақ үлгісі беріліпті. Халқымыздың сонау дәуірден келетін алуан сазды өлеңдері алуан арияға, көп дауысты хорға, домбыра мен қобыздан шыққан тамылжыған күйлер симфонияға, балетті шығармаларға ұласып келе жатқанын ол 1971 ж. Алматы қаласындағы П.Чайковский атындағы музыкалық училищесінде оқыған жылдары көңіліне түйген екен. Бұл оқу орнын саналы жас кезеңінде қобыз мамандығы бойынша бітіріп, «Балалар музыкалық мектебінің оқытушысы және халық аспаптарына көркемдік жетекші» деген квалификацияға ие болған. Мақаласы шыққан 1987 жылы Талдықорған педагогикалық институтының бастауыш сыныпта оқыту кафедрасының аға оқытушысы қызметіне қабылданыпты. Ән өнеріне үйретуді шебер меңгерген маманның тәжірибесі арқылы әдетте өзіндік оқыту әдістемесі қалыптасатыны белгілі жайт.

Өзімен емес, мақаласын оқу арқылы танып-білген ғылым жолындағы қатарласымыздың табиғи өнері студент кезеңнен басталған. Оқытушылықпен қатар Жұматай Шомкенқызы институт қабырғасында 1976 жылы құрылған «Жетісу» ансамблінің «Трио» әншілерінің бірі болды. Кейінірек әрдайым жоғары оқу орнының акт залындағы хорда, мерекелік шараларда баянын жігерлене тартып-тартып алып, сызылта шырқай жөнелетін жеке нөмірлерін де талай тамашалағанбыз.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бері бір факультетте қызмет еткен әріптесі жайлы психология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Х. Наубаева мерейтой иесінің ғылым мен білімдегі үздіксіз еңбегі жайлы былай толғайды: *«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 50 жылдық тарихы болса, Жұматай Шомкенқызының осы шаңырақта тынымсыз еңбек етіп келе жатқанына да елеулі жылдар өтіпті. Өзінің бүкіл қажыр-қайратын, білімін мыңдаған жастың білікті маман болып қалыптасуына жұмсап келеді. Көңілі дархан, жаны жайсаң ғалым ұстаздың барлық асыл қасиеттері, кәсібіне деген шексіз махаббаты оқытып жатқан білімгерлеріне – үлгі-өнеге. Қоғамға пайда тигізу – әр адамның парызы десек, жасынан өнерді сүйіп өскен, шығармашыл әріптесіміздің студент жастарды оқытып-тәрбиелеуде қосқан үлесі мол. 1991-1995 жылдары «Музыкалық білім» мамандығында оқитын студенттерге «Педагогика», «Психология» пәндерінен дәріс оқитынмын. Сондықтан студенттердің мектептегі педагогикалық практикасына бірлесе басшылық жасап жүрдік. Сабақтарға әдістемелік жағынан педагогикалық талдауды әдіскер оқытушы ретінде үлкен шеберлікпен жүргізетін. Сынып сабақтарының тақырыптарын өзектілігі, ғылымилығы, дамытушылығы жағынан Жанна Шомкенқызы өзі таңдап, жоғары кәсіби деңгейде өткізілуін талап ететін. Әдіскер ғалым жалпы саны 270-тен аса ғылыми жарияланымның авторы, оның ішінде 28 оқулық (23 – оқулық авторлық, 5 – оқулық авторлық бірлестікпен), 1 – монография, 1 – Томсон Реутерс, 2 – ресей ғалымдарының еңбегінің аударма мақалалары, 4 – авторлық патентті электрондық оқулық, 3 – СКОПУС мақаласы бар. Ғалым ұстаздың жетекшілігімен 19 магистрлік диссертация қорғалды. Қазіргі кезде де жас ізденуші оқытушыларға ақыл-кеңесін аямай, магистранттарға білім беруде рухани-ұлттық дәстүрлерді сақтап, дамыта отырып, ғылымға шығармашылық ізденіспен келуге үйретуде. Адамгершілігі мол, үлкенге ізетті, кішіге қамқор, ағайын-туғанға жақсылық жасауға ұмтылып тұратын парасат иесін мақтан етеміз. Оның бойындағы өнеге етер өрнекті тұстар аз емес екендігіне куәміз. Бойындағы табиғат берген қуат-күші, алға қарай үнемі қозғалыста болуы және елінің болашағына үнемі сеніммен қарайтындығы бізді қуантады».*

*«Мен соғыс ардагерінің қызымын. Тура сөйлеймін, профессорлық атағыма кір келтіре алмаймын»* деп мінберден студенттерді тыныштыққа шақыра сөйлейтін Жұмекең – баладай ақ көңіл, ашық жан. 2014 жылдан І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті Ғылыми Кеңесінің 2014ж. 04 наурыз шешімімен (№7 хаттама) Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің қалыптасуына елеулі үлес қосқаны үшін «ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОРЫ» атағы берілді. Оның бір жақсы қасиеті – алдына келгенді үлкен демей, жас демей теңдей сөйлесіп, ақыл-кеңес беріп жүретіндігі.

Мақаламның басында жазылғандай, өмірі ән, күй, жырға сайлануымен қатар, жүрегі мейірімділікпен нұрланған Жұматай Шомкенқызы жолдасынан, ұлынан жастай айырылса да қиындықтарға төзе біліп, әлі де студенттерге тәлім-тәрбие беріп келеді. Өйткені ол бойына жастайынан жинаған ән-жыр қазынасын, әдістемелік терең білімін оқытып жатқан студенттері мен магистранттарына мұрат етуді міндет тұтады. Білім, ғылым оқығанды, үнемі ізденісте жүретін адамдарды еркін ете түседі, ал біліммен бірге жастарды өнерге талпындыра білетін университетіміздің қауымдастырылған профессоры Ж.Таубалдиева ардагер жасында да осы қалпында жүре берсе дейміз.

Өнерімен профессорлық-оқытушылар құрметіне бөленген жанның әжелік мейірімі алдымен қыздарынан тараған он бір жиені мен төрт шөбересіне және туған еліне керек. Ардагер әріптесіміздің жасына жас қосыла берсін, мерейлі мерекесі құтты болсын демекпіз.

**А. БАКРАДЕНОВА,**
**ЖУ-дің педагогика-психология факультетінің қауымдастырылған профессоры.**

Алатау
Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАКОН

# ОБЪЕКТЫ СУДЕБНОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ

**В КАЖДОМ СУДЕБНОМ РАЗБИРАТЕЛЬСТВЕ ПРИ ВЫНЕСЕНИИ РЕШЕНИИ ВСЕГДА ОДНИМ ИЗ ОСНОВНЫХ ДОКАЗАТЕЛЬСТВ, ГДЕ СУД БЕРЕТ ЗА ОСНОВУ ПРИГОВОРА ИЛИ ПОСТАНОВЛЕНИЯ ЯВЛЯЕТСЯ ЗАКЛЮЧЕНИЕ СУДЕБНОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ. ПОЭТОМУ, В ЛЮБОМ УГОЛОВНОМ, ГРАЖДАНСКОМ ДЕЛЕ, ЛИБО В ДЕЛАХ ОБ АДМИНИСТРАТИВНОМ ПРАВОНАРУШЕНИИ ДЛЯ ИССЛЕДОВАНИЯ МАТЕРИАЛОВ В ОСНОВНОМ НАЗНАЧАЮТСЯ СУДЕБНЫЕ ЭКСПЕРТИЗЫ. ПОЭТОМУ, ХОТЕЛОСЬ БЫ ЧИТАТЕЛЯМ РАЗЪЯСНИТЬ, ЧТО ИЗ СЕБЯ ПРЕДСТАВЛЯЕТ СУДЕБНАЯ ЭКСПЕРТИЗА. СУДЕБНАЯ ЭКСПЕРТИЗА — ЭТО ИССЛЕДОВАНИЕ МАТЕРИАЛОВ УГОЛОВНОГО, ГРАЖДАНСКОГО ДЕЛА ЛИБО ДЕЛА ОБ АДМИНИСТРАТИВНОМ ПРАВОНАРУШЕНИИ, ПРОВОДИМОЕ НА ОСНОВЕ СПЕЦИАЛЬНЫХ НАУЧНЫХ ЗНАНИЙ В ЦЕЛЯХ УСТАНОВЛЕНИЯ ФАКТИЧЕСКИХ ДАННЫХ, ИМЕЮЩИХ ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ ЕГО РАЗРЕШЕНИЯ.**

Объекты судебной экспертизы — это вещественные доказательства, документы, тело человека, состояние психики человека, трупы, животные, образцы, а также относящиеся к предмету судебной экспертизы сведения, содержащиеся в материалах дела, по которому производится судебная экспертиза.Орган судебной экспертизы — это государственное юридическое лицо, осуществляющее судебно-экспертную деятельность в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.Судебный эксперт — это не заинтересованное в деле лицо, обладающее специальными научными знаниями и соответствующее иным требованиям, установленным законом, которому поручено производство судебной экспертизы.

В соответствии Закон Республики Казахстан «О судебно-экспертной деятельности» судебно-экспертная деятельность осуществляется при соблюдении прав, свобод и законных интересов человека и гражданина, прав и законных интересов юридического лица в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, законами Республики Казахстан, общепризнанными принципами и нормами международного права. Судебно-экспертные исследования, требующие временного ограничения прав и свобод лица, проводятся только на основаниях и в порядке, установленных законом. Лицо, полагающее, что действия (бездействие) органа судебной экспертизы или судебного эксперта привели к ограничению прав, свобод и законных интересов человека и гражданина либо прав и законных интересов юридического лица, вправе обжаловать указанные действия (бездействие) в порядке, установленном законом.

***Манап ДЖАНГАЗИЕВ,***
***старший судебный пристав Текелийского городского суда.***

ПЕНСИЯ

# КОГДА МОЖНО ПОДАВАТЬ ЗАЯВЛЕНИЕ НА ПОЛУЧЕНИЕ ПЕНСИИ

**ВЫЙДЯ НА ЗАСЛУЖЕННЫЙ ОТДЫХ, КАЗАХСТАНЦЫ НАЧИНАЮТ ПОЛУЧАТЬ ПЕНСИЮ. ЧТОБЫ ОФОРМИТЬ ВЫПЛАТЫ В СРОК, МОЖНО ПОДАТЬ ЗАЯВЛЕНИЕ ЗА 10 ДНЕЙ ДО НАСТУПЛЕНИЯ ПЕНСИОННОГО ВОЗРАСТА. ПОДРОБНОСТИ ЧИТАЙТЕ НА NUR.KZ.**




В Казахстане мужчины выходят на пенсию в 63 года, а женщины — в 61 год. При наступлении этого возраста все граждане могут оформить государственную пенсию, а также выплаты из Единого накопительного пенсионного фонда (ЕНПФ), если у них там были накопления.

Пенсия при этом начинает поступать только после подачи заявления от гражданина. Как объясняют в ЕНПФ, для назначения пенсионных выплат из государственного бюджета и за счет накоплений необходимо обратиться в Центр обслуживания населения (ЦОН).

При этом нужно подать единое заявление, и сделать это следует заранее. Как объяснили сотрудники фонда, обратиться в ЦОН вместе с документами и заявлением можно за 10 дней до достижения получателем пенсионного возраста.

Почему документы надо подать заранее

В первую очередь важно понять, что казахстанцам выгодно подать заявление на получение выплат заранее. Это особенно важно при оформлении государственной пенсии, ведь ее назначение производится со дня обращения.

Это значит, что если опоздать со сдачей документов, казахстанец недополучит деньги, которые положены ему в связи с наступлением пенсионного возраста. Никто не будет выплачивать государственную пенсию за пропущенные месяцы.

С выплатами из ЕНПФ особых проблем нет, ведь фонд по сути выплачивает казахстанцам их же накопления, которые поступали на индивидуальные пенсионные счета во время официальной работы. Однако нюанс заключается в том, что выплаты из фонда завершатся, когда на счете закончатся деньги.

Стоит отметить, что ранее за выплатами из ЕНПФ следовало обращаться отдельно. Из-за этого даже возникали проблемы, когда казахстанцы, имея накопления, получали только государственную пенсию.

Сейчас в самом фонде оформляют только выплаты в связи с установлением инвалидности первой или второй группы бессрочною. Хотя это также можно сделать и через официальный сайт, если есть электронная цифровая подпись (ЭЦП).

СОЦВЫПЛАТЫ

**В Министерстве труда и социальной защиты населения Казахстана 22 мая рассказали, что с начала 2024 года на выплату государственных социальных пособий (ГСП) по инвалидности и по случаю потери кормильца из республиканского бюджета было направлено порядка 203,7 млрд тенге, сообщает Zakon.kz.**

# КАКИЕ ПОСОБИЯ И СОЦВЫПЛАТЫ ПОЛУЧАЮТ КАЗАХСТАНЦЫ ПО ИНВАЛИДНОСТИ И ПОТЕРЕ КОРМИЛЬЦА



В ведомстве отметили, что дополнительно к этому из Государственного фонда социального страхования (ГФСС) осуществлены социальные выплаты по утрате трудоспособности и по потере кормильца на сумму порядка 26,7 млрд тенге.

По состоянию на 1 мая численность получателей ГСП по инвалидности составляет порядка 538,7 тыс. человек, по случаю потери кормильца — порядка 196,8 тыс. человек.

В Минтруда уточнили, что в текущем году размеры ГСП по инвалидности от общего заболевания составляют для:

1 группы — 95 496 тенге,
2 группы — 76 397 тенге,
3 группы — 52 089 тенге.

А средний размер социальных выплат по состоянию на 1 мая 2024 года составляет:

по утрате трудоспособности — 56 913 тенге,

по потере кормильца — 58 681 тенге.

Размеры государственных социальных пособий зависят:

по инвалидности — от группы и причины инвалидности, а также от величины прожиточного минимума, устанавливаемого Законом РК «О республиканском бюджете» на соответствующий финансовый год,

по случаю потери кормильца — от количества иждивенцев умершего (погибшего) кормильца, причины смерти и от величины прожиточного минимума.

Кроме того, участникам системы обязательного социального страхования в случае наступления социальных рисков осуществляются соцвыплаты из ГФСС. Так, по состоянию на 1 мая 2024 года социальную выплату по утрате трудоспособности получили 92,1 тыс. человек, а социальную выплату по потере кормильца — порядка 62 тыс. семей.

Размеры выплат индивидуальны и зависят от:

среднемесячного дохода, с которого производились социальные отчисления в ГФСС за последние два года,

коэффициентов утраты трудоспособности,

количества иждивенцев,

стажа участия в системе обязательного социального страхования,

замещения дохода.

В ведомстве пояснили, что эти выплаты осуществляются дополнительно к аналогичным пособиям, выплачиваемым из республиканского бюджета.

«С 1 января 2024 года размеры государственных социальных пособий по инвалидности и по случаю потери кормильца повышены на 7% в связи с увеличением размера прожиточного минимума. По решению правительства РК также на 7% были повышены размеры выплат из ГФСС по утрате трудоспособности и по потере кормильца».

**Пресс-служба МТСЗН РК**

ТЕХОСМОТР

# МВД Казахстана меняет правила проведение техосмотра

**По сообщению источника DKNews.kz, МВД регистрирует увеличение случаев формального проведения техосмотра. По информации председателя Комитета административной полиции МВД Кайсара.**



МВД регистрирует увеличение случаев формального проведения техосмотра. По информации председателя Комитета административной полиции МВД КайсараСултанбаева, такая ситуация произошла из-за введения уведомительного порядка о начале деятельности и отмены последующего контроля.

«Формальный техосмотр привел к тому, что на дорогах страны большое количество автомашин не соответствует требованиям по выхлопным газам, а также требованиям безопасности, что несет в себе риски, связанные с безопасностью дорожного движения», - отметил он на брифинге в СЦК.

Так, в 2023 году по причине технической неисправности зарегистрировано 18 ДТП, в которых погибло 7 человек и травмировано 26 человек.

«Для усиления контроля в этом направлении вносятся изменения в законодательство для перехода от уведомительного порядка деятельности операторов технического осмотра к разрешительному порядку», — сказал Кайсар Султанбаев.

Кроме того, по данным представителя МВД, за последние 5 лет в Казахстане произошел значительный рост автопарка — с 2,5 млн до 5,5 млн транспортных средств. Срок эксплуатации половины автомашин превышает 20 лет. Как правило они не оснащены современными системами безопасности и более подвержены неисправностям.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАҒЫЛЫМ

# ЖАҚСЫҒА ӘЛЕМ ӨЗ ҮЙІ



**АҒАШ БІР ЖЕРДЕ ТҰРЫП ТАМЫР ЖАЯДЫ. ТАМЫРЫ ТЕРЕҢГЕ КЕТКЕН САЙЫН ЖЕМІСТІ МОЛ БЕРЕДІ. СЕБЕБІ, ТЕРЕҢГЕ КЕТКЕН ТАМЫР БОЙЫНА ҚУНАРДЫ МОЛ ЖИНАЙДЫ. АДАМНЫҢ ДА ЕҢБЕКҚОР, ТАБАНДЫ, ІЗДЕНІМПАЗДЫҒЫ, ӨЗ ІСІНІҢ ҚЫРЫ МЕН СЫРЫНЫҢ БІЛГІРІ БОЛУҒА ИТЕРМЕЛЕП, БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕНІ ҰШТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ БИІККЕ ҰМТЫЛАДЫ. ҰСТАЗ, ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР (ДОЦЕНТ) БАЛҚИЯ ШӨМШЕКОВАНЫҢ «АРҚАЛАҒАНЫ» АЛТЫН. ОНЫҢ ЖАН ДҮНИЕСІ ЖАҢАЛЫҚҚА ҚҰМАР. БІЛІМДІ БОЙЫНА МОЛ ЖИҒАН. ЖАС ҰРПАҚҚА, ҚОҒАМҒА БЕРЕР ТӘЛІМ-ТӘРБИЕСІ МОЛ.**

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 50 жылға жуық қызмет істеп, сіңірген еңбегі біршама. Ол 1980 жылы С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия-экономика факультетінің «Саяси экономия» бөлімін тәмамдаған соң, Білім министрлігінің жолдамасымен І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтына оқытушылық қызметке қабылданған. Жаңадан құрылған білім шаңырағын қалыптастыру барысында жоғары оқу орнының ұжымы және басшыларымен ортақ мақсатта еңбек етті. Балқия өткен өмір жолына риза. Жүрген ортасына құрметті жан. Сыйлау да, сыйласа да біледі. Өзі де көпшіл. Жетісудағы іргелі оқу орнының қара шаңырағына адал.

Алматыдағы №2 дарынды балаларға арналған мектеп-интернатқа қабылданғандығы білімге құштар бүлдіршіннің жолын ашқан. Мектепте берілген білімнің өмірлік жолдың іргетасын қалаудағы орны ерекше. Балқия тұлымшағы желбіреп, интернатқа келгенде оның болашақ өмірінің есігі ашылған еді. Зерек қыз өз ісіне жауапты болып бойжетті. Мектепті жақсы деген бағаға аяқтаған соң Қазақстандағы еңселі жоғары оқу орны С.М. Киров атындағы Қазақ университетіне оқуға құжат тапсырады. Мерейі өсіп, оқу орнының студенті атанды. «Жастық шақта бір күлгенің бір қаралық» Балқияның студенттік шағы 1975–1980 думанды жылдармен тұспа-тұс келді. Ол оқыған орта және топ студенттері білім, ғылым және әдебиет пен өнерді ерекше қадірлеуші еді. *«Бірде Тимирязов көшесінде автобуспен келе жатқанмын. Қарасам алдымда Мұқағали Мақатаев тұр. Сол кезде оның шығармаларын таласа оқитынбыз. Студенттік жатақханаға келсе тік тұрып қарсы алатынбыз. Бірде біздің бөлмемізге келіп өлең оқыды. Өлеңді төгіп оқиды екен. Тіліне сөз тіркестері өзі келе беретін сияқты. Жастар ұмытып қалмайық деп жапа-тармағай жазып алып жатырмыз. Бірақ, ертеңінде мынау кеше оқыған өлеңіңіз деп көрсетсе, өлең қылмайды. «Ә, өздерің еншілеп ала беріңдер» деп өлеңдерін елге сыйлап жүре беретін. Ақын ұсақ-түйекті өлең қылмайтын. Міне, сол кісіні автобуста көріп тұрмын. Көңілі көтеріңкі екен... Кештеу кез еді. Қалай да автобустан түсіріп алып қалу керек деп ойладым. Бірақ менің сөзімді елемеуі мүмкін. Қарасам көрші жатақханада тұратын, сыртынан танитын жігіт тұр екен. Соған ақын ағаны жатақханаға ертіп алып кетейікші дедім. Ол бірден келісіп, екеуміз ақынмен амандасып, бірге жүруін өтіндік. Ол бірден келісті»,* – дейді үлкен жүректі Балқия. «Адамның жастық шағы өткен жерде жарты жүрегі қалады» дейді үлкендер. Ендеше, Балқия ұстаздың кісілік қасиеті бала кезден қалыптасқан. Оның бойында маған қатысты емес деген әңгіме жоқ. Көршінің баласына да көз қырын сала жүретін адам. Дәрісті жанын «беріп» оқиды. Бірде институт ректоры Мырзатай Жолдасбеков есігі ашық тұрған үлкен аудиторияда дәріс оқып тұрған оқытушының дауысын бөлмей, тыңдап тұрады. Ол оны мүлде байқамаған. Сабақ аяқталып, қоңырау соғылғанда Балқияға маған кабинетке келіп кетіңіз дейді. Балқия таң-тамаша болып, ректордың кабинетіне барады. Сүйтсе, ректор оның дәріс оқу деңгейін жоғары бағалап, бірден аға оқытушылыққа ұсынатынын айтқан. Мұндай лауазым жас мамандарға жұмысқа кірген соң белгілі бір уақыттан кейін берілуі керек екен. Көреген басшы ұстаздың сабақ берудегі жауапкершілігі мен білімділігі және дәріс оқу әдісін осылай бағалаған. «Көптің қамын ойласаң, өз қамың соның ішінде» деген сөз осындайда айтылған болуы керек. Балқия ұстаз өмірінде жақсы адамдардың көп кездескендігін жолының болғыштығымен байланыстырады. Дипломдық жұмысының жетекшісі академик, экономика ғылымдарының докторы, профессор Сақтаған Байшов тағайындалған. Зерттеу жұмысының орындалу барысын көрсетуге барғанда, оның кабинетінде академик Мұхтар Әлиевпен отыр екен. Әңгіме барысында Халық қаһарманының жұбайы Қапалдың қызы екендігі сөз болады. Балқия да сол маңның тумасы. Сонымен, академик оны балдыз деп жақын тартады. Талдықорғандағы институтта жұмыс істеп жүріп, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы білімді жетілдіру институтына барғанда экономика ғылымдарының докторы, профессор Рашид Куватовпен танысып, ғылыми жетекшісі болуын сұрайды. Ол талапты қызға бірден келісімін береді. Батырлық бойда емес – ойда, білекте емес – жүректе. Қазақтың жүректі қызының тайсалмайтын, ойын ашық айта алатын қасиеті оқымыстыға ұнайды. Жаңалық ашу үшін батылдық таптырмайтын қасиет. Ол өмірінің бұл баспалдағынан да кідірмей өтеді. Академик Р. Куватовтың жетекшілігімен «Экономиканың аграрлық саласында шаруашылықтың жаңа нысандарын дамыту және жетілдіру» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сәтті қорғап, экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесіне ие болады. Алғашқы құрылған жылдары Талдықорған институты тек педагогика саласында ғана мамандар әзірлейтін еді. Ұстаз білімгерлердің білім мен қатар тәрбиелі болуына зер салды. Сол жолда еңбектенді. Жастарға: «Әуелі әдеп үйрен, сосын барып білім ізде», «Білім мен тәрбие құстың қос қанаты секілді» дегенді айтатын. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы екендігі даналардың сөзімен айтылғаны белгілі. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары дербес мемлекет ретінде қалыптасу үшін көптеген мәселелерді түбегейлі өзгерту күн тәртібіне қойылғаны мәлім. Соның бірі жерге байланысты өрбіді. Балқияның ғылыми жетекшісі академик Р. Куватов жердің сатылуына қарсы шыққан ғалым. Себебі, жер табиғаттың сыйы, халықтың қазынасы. Оны жекеменшіктенуге ешкімнің қақысы жоқ. Жер тек жалға берілуі керек деген оқымыстының сөзі көңілге қонымды екенін ел басқарушылар да мақұлдаған.

Ізденгіш Балқия еліміздің бәсекелестікке негізделген рынокті экономика өтуіне байланысты, енді рынок талабындағы қағидаларына сай мамандар әзірлеу үшін институтта жаңа мамандықтар дайындау жағын ойластырады. Бұл ойын оқу орны басшылығына жеткізді. Себебі, жаңа экономикалық жүйеге жаңа форматтағы менеджер, есепші, қаржыгер, банкир, кеден ісі, заң мен құқық сияқты мамандарға сұраныс арта бастады. Сол кезде жаңа талапқа сай оқытудың маңызы зор еді. Сүйтіп, оқытушының ұсынысы қабылданып, білім шаңырағында алғаш рет «Экономика және менеджмент» кафедрасы ашылды. Кафедра ашылғанымен ұстаздар қат. Батыл маман кадрларды іздестіріп, қаладағы іргелі мекемелерді басқарып отырған, оның ішінде Кірістер департаменті, облыстық әкімшіліктегі қаржылық бақылау, экономика және есеп бөлімдерінің мамандары мен жұмыспен қамту орталықтарындағы басшыларға дәріс оқуды ұсынды. Жастарды тәрбиелеу үшін тәжірибелерімен бөлісу керектігін айта отырып, олармен қоян-қолтық жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде Талдықорған педагогикалық институтының көпсалалы университет болуына негіз құрылды. Беті қайтып көрмеген бірбеткей жан бұл шаруаны да ретке келтірді. Білім шаңырағында экономикалық мамандықтарды дайындау жүйесі жақсы жолға қойылды. Сол кездегі ректор Аманжол Қасабеков көрегенді басшы ретінде бастамашыға жан-жақты қолдау білдірді. Тапшы және керекті оқулық пен оқу құралдарын Мәскеуден, Алматының дүкендерінен Балқия ұстаз өзі тасыды. «Қарлығаштың баласы ұясына тасып жейді. Қарақұстың баласы бауырына басып жейді, Ақсұңқардың баласы жан-жағына шашып жейді» дейді. Ол осындай еңбек жолындағы табысын ұжымымен бөлісті. Еңбегі ақталып, бүгінде бұл сала бойынша білім алған мамандар еліміздің түкпір-түкпірінде табысты еңбек етіп, жауапты қызметтер атқарып отыр. Көшбасшысы батыр болса, сарбаздары батыл болады. Экономикалық мамандық иелерінің алған білімі жоғары оқу орындарында алған дипломмен шектелмейді. Енді олар қызмет түрінің жаңа талабына сай өзін жетілдіріп, жұмыс жүргізудің жаңа әдістерін игеруге, елде және әлемде болып жатқан жаңашылдықтарға бейімделуі қажет. Сондықтан І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Құқық және экономика жоғары мектебіндегі «Менеджмент және мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы аясында «Стратегиялық менеджмент», «Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент», «Білім беру саласындағы менеджмент» және «Заң саласындағы менеджмент» MBA Executive – іскерлік әкімшілендіру бағдарламалары бойынша білім алушылар саны артты.

Балқия Шөмшекованың жүзге жуық ғылыми-зерттеушілік және оқу-әдістемелік құралдары, оның ішінде 3 монография, 2 электронды оқу құралы, 15 оқу құралы, Scopus базасы мен шетелдік, отандық басылымдардағы мақалалардың авторы. Шығармашылық еңбектері түрлі форумдар мен халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында жарық көрген. Бүгінде еңбекпен есейген жан Жетісудағы іргелі оқу орнының құрметті ұстазы, ардагері. ҚР ғылым және білім саласының дамуына және Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін облыс әкімі мен университет ректорының бірнеше Алғыс хаттары және грамоталарымен марапатталған.

Ыбырай Алтынсарин төсбелгісі кеудесінде жарқырайды. Ерен еңбегі үшін, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы медальдары және ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Үздік оқытушы-2022» грантының иегері болуы оның абыройын арттырды.

Ол 50 жылға жуық еңбек еткен білім шаңырағының болашағы үшін бар білгенін айтудан, үйретуден жалыққан емес. Отбасында аяулы жар, ардақты ана. Ұлы Айдос – кәсіпкер. Немересі Алима – шахматтан Азия чемпионы, спорт шеберінің кандидаты. Қызы Эльмира – ғылым жолында, PhD қауымдастырылған профессор (доцент). Шетелде алған білімін елдің өркендеуіне арнауда. Жары Өмірсерік өзіне қашан да қамқорлығын танытып, бастамаларына қолдау білдіріп отырады. Балқия ұстаздың өмір жолы еліміздің әрбір жасына үлгі.

**Гүлжан ТҰРСЫН**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

# БАЛДЫРКӨК ӘЙЕЛ АҒЗАСЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?



***Балдыркөк (сельдерей) – тамыры да, жапырақтары да тұтынуға жарамды көкөніс. Ол құрамындағы А, В, РР, С, К дәрумендері мен калий, кальций, магний, фосфор минералдары арқылы денсаулыққа өте пайдалы. Сондай-ақ, бұл өсімдік қышқылдар мен эфир майларына да бай. Қазір балдыркөктің адам ағзасына пайдасы жайлы жиі айтылады.***

**ҚАТЕРЛІ ІСІКТІҢ ДАМУ ҚАУПІН АЗАЙТАДЫ**

Балдыркөк антиоксиданттарға бай, сондықтан рационға балдыркөкті қосу арқылы қатерлі ісік ауруларының даму қаупін азайтуға, жүрек саулығын жақсартуға және сүйектерді қатайтуға болады. Термиялық өңдеу дәрумендердің бір бөлігін жоғалтуға әкелетінін ұмытпау керек. Алайда кейбір адамдардың ағзасы суға піскен балдыркөкті шикі түріне қарағанда жақсырақ қорытады.

**АНЕМИЯМЕН КҮРЕСУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ**

Анемия салдарынан жиі бас айналады, буындар ауырады және жүрек соғысы жиіленеді. Анемия аурулардың асқынып кету қаупін арттыруымен қауіпті.

**ДИАБЕТ ҚАУПІН АЗАЙТАДЫ**

Балдыркөк қандағы қант деңгейін реттейтін магнийге бай. Бұл микроэлемент жасушалардың инсулинге реакциясын арттырады және екінші типті диабеттің даму қаупін төмендетеді. Алайда диебеттің алдын алу үшін рационға балдыркөкті қосу жеткіліксіз. Сондай-ақ салауатты өмр салтын сақтау және уақытылы дәрігерге қаралу қажет.

**ЛИПИДТІ АЛМАСУДЫ РЕТТЕУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ**

100 г балдыркөкте бар болғаны 13 калория бар. Сондықтан оны жиі арықтағысы келетін адамдар рационына қосады. Балдыркөктің артықшылығы - липидті алмасуды (асқорыту процесі) реттеуге көмектесуі.

**ЕТЕККІР КЕЗІНДЕ ХАЛ-ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСАРТАДЫ**

Балдыркөк шырыны етеккір кезіндегі жағымсыз белгілерді алдын алуға көмектеседі. Алайда оны дәл етеккір кезінде ішпеген жөн, себебі одан етккір көп келуі мүмкін. Сондай-ақ ол гормонды тепе-теңсіздікпен және етеккір үзілісінің алғашқы белгілерімен қиналып жүрген әйелдерге пайдалы.

**СҮЙЕКТЕР САУЛЫҒЫН САҚТАЙДЫ**

Жас ұлғая келе сүйектер аурулары пайда болуы мүмкін. Оның алдын алу үшін рационға балдыркөкті қосқан дұрыс. Оның құрамында сүйектер саулығына қажет және сыну қаупін азайтатын фосфор және К дәрумені бар.

**БАЛДЫРКӨКТІ ҚАЛАЙ ЖЕУ КЕРЕК?**

Көпшілік әдетте балдыркөктен пайдалы шырын дайындап ішеді. Ол үшін балдыркөкті жақсылап жуып алып, орташа бөліктерге бөлеміз. Содан соң оны шырын сығатын құралға салып, оның шырынын аламыз. Дәміне қарай лимон суын қосып ішсеңіздер болады.

Сондай-ақ балдыркөктен смузи дайындау оңай. Ол үшін балдыркөк сабағын басқа жемістермен, мысалы, алма, кивимен араластырып, блендермен езіп, үстіне су құяды.

Алайда балдыркөктен тек сусындар ғана емес, сондай-ақ ыстық тамақтар жасауға болады. Мысалы, сорпаға қосуға немесе оны ірімшікпен берге пешке пісіруге болады.

Ғаламторда балдыркөктен жасалатын пайдалы салаттардың да рецепттері көп.

Ескерту: балдыркөк кей адамдардың ағзасына жақпауы мүмкін. Егер қандай да бір созылмалы ауруларыңыз болса, алдымен дәрігермен кеңескен дұрыс.

**Massaget.kz сайтынан алынды.**

ДЕГЕН ЕКЕН...

## МЕНЕН БАСҚАҒА АЙТПА, ҰЯТ БОЛАДЫ!

Бірде партизан-жазушы Қасым Қайсенов пен Сәбит Мұқанов кезігіп қалады. әдеттегідей Сәбең шұрқырай амандасады.

– Сәбе, Украинаға барып қайттым, – дейді Қасым Қайсенов.
– Дұрыс.
– Филатовтың ауруханасында болып қайттым.
– Дұрыс екен.
– Ауруханада көзіме операция жасатып қайттым.
– Дұрыс болған.
– Сәбе-ау, мұның несі дұрыс, сау көзбен барып, шыны көзбен қайттым ғой!
– Ә, онда дұрыс болмаған екен! – депті сонда Сәбең.

Екінші жаһан соғысының әйгілі партизан батыры Қасым Қайсенов бірде өзінің меншік машинасымен тау бөктеріне қарай серуенге шығыпты. Адам бейнет шегейін десе аяқ астынан емес пе, бөктер жолымен келе жатқан Қасекең жаза басып, тереңдігі үш метрдей болатын шатқалға машинасымен аунап кетеді. Абырой болғанда, Қасекең тірі қалады. Бірақ қатты жарақаттанып емханаға түседі. Мұны естіп, жылап-еңіреп, құрдасы Сырбай Мәуленов жетеді ғой. Сырбай мән-жайды сұрап, мұндай кепке қалай тап болғанын білгісі келеді.

Қасекең рухы берік жан ғой. Егіліп отырған жан досына сыр білдірмей, қарабайырлап жағдайды айта бастайды: «... Содан ойда жоқта шамасы екі-үш метр болып қалатын құлама жардан аунап-ақ кеткенім!» – депті.

Сонда, күйзеліп отырған Сырбай көзінің астымен сүзе бір қарап алып: «Бәрекелді, Қасекеау, сіздің дардай атыңызға үш метр деген ұят қой. Бұл сөзіңізді мен ғана естин. Менен басқаға отыз метрден құладым деңіз!» – деген екен.

Кейін Қасекең жазылып шығады. Күндердің бір күнінде Сырбайды көшеде мотоцикл қағып кетіп, емханаға түседі. Мұны естіп, енді Қасым көңіл сұрай келеді ғой. Көңіл сұрап мән-жайды білген Қасекең: «Әй, Сырбай, сен бұл әңгімені менен басқаға айтпа, ұят болады! Түйедей Сырбайды топрақтай мотоцикл қақты деген не сұмдық?! Сен жұртқа КамАЗ қағып өтті де, сонда жарасады!» – деген екен.

## «ТАСПЕН ҰРҒАНДЫ АСПЕН ҰР»

Атағы дардай қаламгерлердің бірі Бауыржан Момышұлына жолығып қалғанда:

– Бауеке, мені М-ға мақтапсыз ғой? – дейді.
– Басқаларға айтып жүрсін деп мақтадым.
– Сөзіңіздің төркінін түсінбей тұрмын, Бауке.
– Тактика, батенька, тактика.
– Қандай тактика? – дейді анау.
– дейтін, – деген екен Баукең сонда.

## АЛҒЫ СӨЗ ЖАЗЫП БЕР ДЕМЕЙСІҢ БЕ?!

Бауыржан Момышұлына бір жазушы:

– Бауке, Москва маңындағы шайқастар туралы кітап жазып едім, үстінен қарап шықпас па екенсіз. Сонан соң екеуміз соавтор болсақ, – деп тілек білдіріпті.

– Дурак! – депті Баукең шарт шытынап. – Ішінде бір сөйлемім жоқ мен қалайша соавтор болмақпын. Онанда алғы сөз жазып бер демейсің бе?! – деген екен.

**sarbaz.kz. сайтынан алынды.**

ӨНЕР

## «МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары



Айзере БӘЗЕЛБАЙ


Айсара ӘЛИХАН


Зарина ТІЛЕУКЕНОВА

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 570
Индекс 15534